



## Өлеңім бар да анық өлмейтінім

*Сөздердің сүбелісін оймен зерлеп,  
Өлеңді он бес жастан еттім ермек.  
Жиырма бес өте шықты елестей боп,  
Бөкендей жортып жүрген қырды желдеп.*

*Әбділда\* шақырған еді Алматыға,  
«Оқимын» – десең – інім, мұнда кел» – деп.  
Амал не қол қысқалық жібермеді,  
Ауылда еңбек еттім маңдай терлеп.*

*Отызда мінсем де атқа шопан болып,  
Оңды-сол өлеңімді жүрдім сермеп.  
Айтыстым өзім тектес ақындармен,  
Тасқындап шыдас бермей шабыт селдеп.*

*Қырықта қатарымнан қалыс қалмай,  
Бір кітап бастырғанмын өзімше ерлеп.  
Толғанда елу беске зейнеткер боп,  
Кітапша қолыма алдым басқан мәрлеп.*

*Аз ба екен, әлде көп пе алда ғұмыр,  
Бұл жағын бір Алланың өзі білмек.  
Егерде Жаратқаннан пәрман болса,  
Пенде деген мәңгілікке көзін ілмек.*

*Өлеңім бар да анық өлмейтінім,  
Мақсатым ел-жұртыма кітап бермек.  
Ойға алған осы арманым орындалса,  
Өмірдің өтпегені босқа демек.*

---

\* Әбділда ТӘЖІБАЕВ, ақын.

Байділда  
ДАСТАНҰЛЫ


# ҚАРАТӨБЕ

*Жыр жинағы*

ISBN 978-601-7833-94-7



«Үш Қиян» баспасы,  
Алматы қаласы - 2025



ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Қаз)

Д 20

**ДАСТАНҰЛЫ Б.**  
Д 20 **ҚАРАТӨБЕ** / Байділда Дастанұлы. «Үш Қиян», Алматы қ. –  
2025. – 192 б.

**ISBN 978-601-7833-94-7**

Бұл жинаққа ақын Байділда Дастанұлының әр жылдарда жазған өлеңдері, толғаулары, жазба айтыстары енгізілген. Ақын өзі өскен ортасын, тарихи оқиғаларды, өмірдің әрқилы нәзік сезім иірімдерін өлеңдеріне арқау еткен.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5Қаз)

**ISBN 978-601-7833-94-7**

© Дастанұлы Б., 2025

© «Үш Қиян» баспасы

# ЕСТЕЛІКТЕР ЕСКІРМЕЙДІ





## КӨҢІЛДЕН КӨШПЕЙТІН БЕЙНЕ

Адам өмірі бел-белес, биік-биік асулардан тұрады. Бір мың тоғыз жүз жетпіс екінші жылы орта мектепті бітіріп, аудандық «Коммунизм шамшырағы» газетіне жұмысқа тұрдым. Сөйтіп, алғашқы еңбек жолым басталды.

Аудандық газетте қызмет істейтін қаламгерлердің бәрі маған бұрыннан етене таныс. Себебі алтыншы сыныптан бастап газетте өлеңдерім жарияланып келеді. Газет редакторы Әзілхан Аманов, орынбасары Сапабек Махмудов, жауапты хатшы Рашид Жарылқасинов, бөлім меңгерушілері Қаршыға Бүркітбаев, Оқас Тәженов, әдеби қызметкерлер Күлфариза Ахметова, Өмірзақ Оспанов, радио хабарын ұйымдастырушы Кенже Күмісбаев бәрі де өз мамандығына берілген тәжірибелі журналистер. Тез-ақ тіл табысып кеттім.

Жаңа ортада жаңа таныстар да көбейе бастады. Солардың бірі де бірегейі Байділда Дастанов ағамыз болатын. Арамызда бірталай жас айырмашылығы болғанмен, өзара көңіліміз тез жарасым тапты. Себебі Бөкең де өлең жазады, бұрыннан сырттай білетінмін. Бірақ, жүзін көрмегенмін.

Бірде кабинетке ұзын бойлы, қарасұр, жігіт ағасы жасындағы бір кісі келіп кірді.

## ҚАРАТӨБЕ

– Оқас пен Кенже жоқ па?!

Мен олардың кеткен жерін айттым. Әдемі жымыып күлді. Бөкеңнің осы әдемі жымыып күлетін жылы күлкісі есімде мәңгі қалыпты.

– Сен Алтай шығарсың?! Газетте қызметке тұрды деп есітіп едім. Мен Байділда ағаңмын.

– Иә.

Міне, ақын Байділда Дастановпен таныстығымыз осылай басталды. Ол кезде ағамыз «Жаңақала» кеңшарының белгілі шопандарының бірі. Есімін аудан халқы жақсы біледі.

Өмір көші бір орнында тұрмайды. Біздің да ағалық, інілік қарым-қатынасымыз өзара достыққа ұласты. Бір-біріміздің сөзімізді өмірі жерде қалдырып көрмеппіз.

Кейін ағамыз шопандықты қойып, «Майлыөзек» кеңшарына көшіп келді. Үй-жай салып, бақша егіп, диқаншылықпен айналысты.

Мен бұл кезде аудандық газеттің редакторымын. Заман талабына сай газеттің аты да өзгерген. Оқырмандар қалауымен «Қармақшы таңы» аталады.

Айтып отырған уақытым – Совет өкіметі кезеңі. Жыл он екі ай бойына түрлі науқандар бітпейді. Әсіресе, егін жинау науқанының маңызы ерекше. Күнде түнде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысынан бастап бірқатар жауапты мекеме басшылары аудандық астық қабылдау кәсіпорнының кеңсесіне жиналамыз. Осы жерде штаб отырысы өтеді. Бір күндік жұмыс нәтижесі қорытындыланып, облысқа ақпар беріледі.

Бір күні түнде штабқа ертерек келсем, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Әбдіразақ Әлібеков менен де бұрын келіп отыр екен. Іле аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы келді. Үшеуміз жиындарын барысын сөз етіп отырғанбыз.

Бір кезде кабинет есігі ашылып, Бәкеңнің бейнесі көрінді. Маған «Сыртқа шық» дегендей белгі берді. Мен хатшыға айтып, дәлізге шықтым. Ағамыз мені күтіп тұр екен, түрі түнеріп кетіпті. Сөйтсем, астық тасып жүрген бір шофермен келісіп, машинасына қауын-қарбыз тиеп, Байқоңыр қаласына сатуға кетіп бара жатқанында, мемлекеттік автоинспекция қызметкерлері ұстап алыпты.

– Жағдай қиын. Шоферге тіпті обал болатын болды. Бұл мәселені өзің шешпесең, басқа ешкім шеше алмайды, – деп қарап тұр.

Ол кезде газет редакторының беделі аудан хатшысынан бір мысқал да кем емес, өте жоғары болатын. Сенің әр сөзіңмен кез-келген мекеме басшысы санасады. Мен ішке ендім де, хатшымен сөйлесіп отырған аудандық ішкі істер бөлімінің басшысына өтініш айттым. Азамат жігіт еді, ағамыздың қауын-қарбыз тиеген машинасын дереу босаттырды.

Бүгінгі күн көзқарасымен қарасақ, әшейін-ақ нәрсе сияқты. Совет өкіметі кезінде жекеменшік жүк көлігі деген атымен жоқ. Жүк көлігі қажет болса, аудандық автотранспорт кәсіпорнына барып, ақшасын төлеп, жалдап алуың керек. Ал, оның бағасы удай қымбат.

Осы оқиғаны Бәкең көпке дейін айтып, риза-

## ҚАРАТӨБЕ

шылығын білдіріп жүрді. Жалпы ол кісі кез-келген адаммен тез тіл табысатын еді.

Демалыс күндерінің бірінде Байділда ағамыз үйге келді.

– Алтай, сыртқа шығып, немістің сырасын ішіп қайтайық, – деді.

– Қайдағы немістің сырасы?! Қармақшыда қазір Алматы, Шымкенттің де сырасы жоқ қой.

– Жүр. Бізде немістің сырасы бар.

Киініп сыртқа шықсам, қақпа алдында «УАЗ» автокөлігі тұр. Алдыңғы орынды маған босатып қойыпты. Мен машинаға отырысымен, шоферға «Кеттік» деді.

Бұл аудандық обаға қарсы күрес мекемесінің автокөлігі еді. Ішінде бөкене бойлы бастығы бар еді, ол да отыр. Жойыт па, әлде славян ұлттарының бірі ме, әйтеуір қазақ емес болатын. Бөкең онымен қалай тіл табысып жүр, маған әлі күнге жұмбақ.

Сыртта сыралатып отырғанмызда таптырмас бұл зәмзәмнің де сыры ашылды. Обаға қарсы күрес мекемесінің қызметкерлері Қызылқұм мен Қарақұмда жаз бойына тышқан аулайды. Ол жақта түлкі, қарсақ, мәлін де көп. Терісі бағалы тышқандар да бар. Ал, ол кезде теріден тігілген, не жаға салынған киімдер мода. Аудандық обаға қарсы күрес мекемесінің бастығы қызметкерлеріне аталған аңдарды да аулатып, терісін дайындатады екен. Оны Байқоңырдағы әскери генералдарға сыйлайтын көрінеді.

Әйелдерінің алдында жақсы атты болып қалған генералдар бұдан несін аясын, немістің сырасын жәшік-

теп береді екен. Ол кезде Германия Демократиялық Республикасында Совет әскерлерінің үлкен тобы бар, генералдар өзара жақсы таныс. Әскери ұшып, қону алаңдары жеткілікті. Олар әдейі неміс сырасын алып келуге үлкен әскери жүк ұшақтарын жіберіп отырған ғой. Тіпті хоккейден ЦСКА клубы Мәскеуде ойнағанда соны көруге ұшақпен ұшып барып, келіп отырғанын білеміз. Бірге барған ағаларымыз әлі бар. Бұл әрине, бөлек әңгіме.

Бөкең ақ көңіл, қолы ашық азамат еді. Ол кезде журналистер қауымының да жағдайы жақсы. Қаламақы дейтін құпия табысымыз бар, оны өзіміз жаратамыз. Жаспыз, жиі жазамыз, республикалық, облыстық, аудандық басылымдарда жиі жарияланамыз. Сөзімізді қорытындылай келе айтарым, Бөкеңнің барлық жақсы қасиеттері ұрпақтарына жұғысты болсын, ұрпақтарымен мың жасасын деп тілеймін.

Мен бұл шағын естелікте ағамыздың шығармашылығына тоқталғаным жоқ. Өлеңдері кітапта, көз алдарыңызда. Бағасын құрметті оқырман қауым өзі береді.

**Алтай ҮСЕНҰЛЫ,**  
**ақын, журналист,**  
**Қызылорда облысының Құрметті ардагері,**  
**Қармақшы ауданының Құрметті азаматы.**



## БАУЫРМАЛ АҒА ЕДІ..

Байділда ағам туралы маған айту әрі қиын, әрі жеңіл. Қиынға соғатыны, ол кісінің бүкіл болмысын, тұлғасын әдемілеп жеткізе алмаймын. Жеңіл дейтінім, қамқор көңілі, кең жүрегі, бауырмалдығы көз алдымда, жадымда.

Аға менің әкемнің інісі болып келеді. Әкесі Дастан соғысқа алғашқы болып аттанғандардың бірі екен. Менің әкемнің айтуынша, соғыстың басталғаны туралы хабар шығысымен аудандық әскери комиссариаттан офицерлер келіп, сол кездегі «Түпбөгет» колхозында оншақты күн бойына әскери ойын өткізеді. Шамасы, мақсаттары кімдердің икемі бар, соларды іріктеп әскерге алу болса керек. Содан сол жолы ауылдан екі жігітті әкетіпті. Солекеудің бірі Дастан көкеміз екен. Әкесі майданға аттанған кезде Байділда ағам аяғын енді ғана апыл-тапыл басып жүрген, басқаша айтқанда, әлі тұсауы да кесіле қоймаған бала болса керек. Дастан көкем соғыстан оралмады. Байділда ағам өмірбойы сол әкесін аңсаумен өтті, сүйегінің жатқан жеріне тәу етуді армандады. Бұл арманын Абдолла інім орындады. Ол атасының 2015 жылы бұрынғы атауымен атасақ, Ленинград қаласының маңындағы Синявино поселкесінің Бауыр-

ластар зиратына жерленгенін анықтап, туған жердің топырағын салып қайтты. Бір ғажабы, сол зиратта аймағымызға танымал ұстаз, тарихшы ағамыз Сәден Нұртайұлының әкесі Нұртай Жайсаңов көкеміз де жатыр екен. Бәрі де бір топырақта туып өскен, ағайындығы жақын адамдар ғой, олардың мәңгілік мекендерінің де бір жерден бұйыруын қарасаңызшы!

«Алып – анадан» демекші, менің ойымша, Байділда ағамның өлеңге, жырға әуестігі анасы Рысбике әжемізден дарыса керек. Бұлай дейтінім, әжеміз шежірені жақсы тарқататын, қисса-жырларды жатқа айтып отыратын. Өз басым Шораяқтың Омарының өмірінің соңғы сәттеріндегі, денсаулық сыр берген кезде жазған қоштасу іспетті жырларын алғаш сол кісінің айтуында есітіп едім.

Ана сүтімен дарыған дарын ақын-жыраулар мольнаан шыққан ортада одан әрі жетіліп, дамыған тәрізді. Ағамыз жасынан әдеби кітаптарды, сосын бұрынғы өткен шайырлардың өлең-жырларының қолжазбалары көзіне шалына қалса, соларды оқуға құмар болып өскенін айтатын еді. Өзінің өлеңдері аудандық, облыстық газеттерде жарияланып тұрды. Сондай газеттер қолымызға тисе, ағамыз үшін мақтанып қалатын едік. Кейін ағамның бір топ өлеңдері «Баспалдақтар» деп аталатын ақындар жинағына енді. Бұл біз үшін үлкен той болды. «Бар жазған дүниемді жеке кітап етіп, қалдырып кетсем» деп жүретін. Ол ойына жете алмады.

## ҚАРАТӨБЕ

Ағамның жар таңдаудан да бағы бар екен. Рахимаш жеңгеміз қонақжай, істің ыбын айтқызбастан тап басып тұратын жан болды. Ол кісі де ағамыз секілді ағайын-туысқа үйірсек, бауырмал болатын.

1982 жылы біздің анамыз Әзиза өмірден өтті. Үйде үйелмелі-сүйелмелі 7 бала қалдық. Ең ересегі мен едім. Сонда ағамыз да, жеңгеміз де бізді басымыздан сипап, қолдарынан келген көмектерін аянып қалмады. Үлкен інім Сағи үйленгенде соның тойының бар шаруасын Байділда ағам мен Рахимаш жеңгем атқарды десем де болады. Сол жақсылықтарын қалай ұмытайын?!

Мен ғана емес, қазіргі Алдашбай ахун ауылының барша халқы Байділда ағамның 1980 жылдардың аяғындағы ауылдың тағдыры қыл үстінде тұрғандағы көрсеткен азаматтығын, елге деген жанашырлығын ешқашан ұмытуға тиісті емес. Өйткені, 1988 жылы «Майлыөзек» совхозы таратылып, оның күллі дүниесі көршілес совхоздарға теңдей бөлініп беріледі екен» деген сөз тарады. Бұл бекер болмай да шықты. Облыстың тарапынан шыққан бұйрықты да ел оқыды, көздерімен көрді. Ауылымыз көрші совхозға қосылып кетті. Екі жылдай солай болып тұрды. Мұның ауылға тиімсіз екендігі байқалды. Сол кезде ауылдың болашағына алаңдаған ағам арнайы хат дайындап, көпшіліктің қолын қойдырып, қасына Өтеу, Кәжденбек деген кісілерді етіп, сол тұстағы астанамыз – Алматыға аттанды. Үкімет басшысына дейін кіріп, мән-жайды түсіндіріп, ақыры, Үкіметтің ауылды сақтап қалу туралы шешімін алып келген

еді. Ауылдың халқы сонда керемет қуанышқа кенелген болатын. Сондай жақсылықты ұмытуға бола ма?

Ағам да, жеңгем де қазір арамызда жоқ. Олардың ғұмырлары ұрпақтары арқылы жалғасып жатыр.

**Жұлдызай ДӘДІҚБАЕВА,  
қарындасы.**





## ТАҒДЫРЫМА ӘСЕР ЕТКЕН АДАМ

Әсілінде, адамзат баласының қалыптасуы жолында дәстүрлі сипатқа ие жүйелі тіректер болады. Ол сол адамның қоғаммен тығыз қарым-қатынаста болуына, мейлінше кез келген ортамен ашық араласуына сеп болмақ.

Менің осылай елмен етене жақын араласуыма белгілі деңгейде өз үлесін тигізген немере атам – Байділда Дастанов болатын.

Әкемнің айтуынша, бала күнімде бұ кісінің маған айрықша ықыласы түсіп, батасын беріп, қазақы ырыммен аузыма түкіріп, мейірімін төккен екен.

Ел ішінде атадан балаға мирас болған салт-дәстүр, әдет-ғұрып секілді танымдық маңызы жоғары құндылықтар көптеп саналады. Содан болар біз бала күнімізден сол ұлы қастерлі ғұрыпнаманы бойымызға сіңіріп өскен өкілдің қатарынанбыз.

Мен туған Майлыөзек елді мекені талай тарихи тұлғалардың табаны тиіп, маңдайын күнге сүйдірген атақонысы. Көне дүние күмбірінен тін тарқатқан көнекөз қариялардың табы қалған өлке осы жер. Сол ата-бабалардың кіндігінен байланған бұл ауылдың бүгіні мен өткені тұнған тарих.



Майлыөзектің майлы топырағы, мөлдіреген суы, шүйгін шөбі, саф ауасы дертке дауа, емге шипа-тұғын. Әлі де сол қасиетінен айныған емес. Шораяқтың Омары, Әбзали Егізбаев секілді саңлақтардың да атажұрты болған ауыл – осы ел.

Қаншама белгілі адамдардың қатарынан қадап айтарым – Байділда Дастанов күллі Сыр жұртшылығына белгілі шежіреші, ақын болған. Жергілікті мерзімді басылымдарға көптеген өлеңдері, эссе, прозалары жарық көрді. Сол шығармалардың барлығы дерлік өз уақытында оқырман олжасына айналғаны ақиқат. Қаламгердің қайталанбас қолтаңбасы тарих жылнамасында орнын алып, өз биігінде жарқырап тұр.

Атамның зайыбы Рахима әжей өте көңілді, көпшіл, қолы ашық адам болатын. Ауыл арасында өткен кез келген құдайы-тойлардың белортасында жүретін. «Жақсы адамды бала мен ит біледі» деген сүбелі сөз бар емес пе?! Рас айтамын, осындай көпшілік жиналған жерлерде бала біткен әжейдің жанынан шықпай, шұрқырасып жүргенін балакөңіл әлі ұмытпайды. Болмаса балаға «далаға әрі ойнаңдар» деп жуытпайтындар көп қой негізі. Ол кісі бұрынғылар айтқан сүйегі асыл адам еді. Қолындағысын бізге тарататын.

Көкем ұзын бойлы, кең иықты, сөзге шешен, көзқарасы өткір, адаммен сөйлесуі мен ортамен байланысы өте сауатты болатын. Біз ес біліп, есейген шақта Алматыға көшіп, сол жақта тұрды. Кейін арагідік ауылға келген кездерінде көріп, әңгімелерін тыңдап мәре-сәре болатынбыз.

## ҚАРАТӨБЕ


Адамның тағдырына әсер ететін елеулі кезең естен шықпайды екен. Көкенің аты аталғанда менің тағдырыма әсері болған сәті құдды бір Құдайдың бұйрығындай көрінеді.

Балалары бүгінде бір-бір ордалы шаңыраққа айналды. Ұрпақтары мәуелі бәйтеректей жайқалып өсіп-өніп келеді. Адамның өмірде болуы тиіс тағдырдағы бақыттың бәрі ойлап қарасам, көкенің бір басында болған екен. Қазақта «Құдайдың көзі түзу болған адам» деген қанатты сөз бар. Ендеше менің Байділда атам да осы тұжырымға дәл келгендей.

Бүгінде мен де журналистік жолда еңбек етіп келемін. Аз-маз өлең құрайтыным да бар. Әрине, Тәңірдің берген талантты шығар?! Дегенмен, бұл қасиет маған көкемнің аманатындай көрінеді.

**Тұрар ШАЙДУЛЛАҰЛЫ,  
ҚР Журналистер одағының мүшесі.**





*М*ЕБІРЕНІСТІ  
ТОЛҚЫНДАР





## ***Жан анам...***

*Анашым*  
**Рысбике БЕКНИЯЗҚЫЗЫНА**

*Көзін бесік таянып,  
Таңға ілмеген, жан анам!  
Дауысым шықса оянып,  
Әлдилеген, жан анам!*

*Көлге біткен желкен деп,  
Қалбаңдаған, жан анам!  
Қашан жетер екен деп,  
Армандаған, жан анам!*

*Аязды күн айналып,  
«Өкелеген», жан анам!  
Бұлтты күні бұрылып,  
Мәпелеген, жан анам!*

*Әрі қысқа, әрі ұзын  
Тірлік – мына балаңа.  
Өтеле ме парызың,  
Өтеле ме... жан ана!*



\*\*\*

*Күлгеніммен,  
Жарқылдап жүргенімен,  
Кім екенін әкенің білмедім мен.  
Әке орнына сондайда әке болды,  
Қайран Ана!  
Жанарынан күн көрінген!*

*Қоңыраудай көкірек күмбірледі,  
Әкем жоғын анашым білдірмеді.  
Маңдайымды күнге де күйдірмеді,  
Табанымды тасқа да тілдірмеді.*

*Өлшеусіз екендігін білемін де,  
Еңбегіңе көп алғысым, тілегім де!  
Маған деген мейірімің әрқашанда,  
Сақталады ұлыңның жүрегінде!*





\*\*\*

*Ана – бағбан аялаған  
Бала – гүлді дамылсыз.  
Ақ шуағын аямаған,  
Сүйе білген жаны үнсіз.*

*Ана – қорған пана болған  
Аяз, дүлей жерлерде.  
Жан-жүрегі жараланған,  
Жаман ісін көргенде.*

*Бала – гүлдің, лала гүлдің  
Болашағын толғанып,  
Аймалаған жанарын күн,  
Мейіріммен қолға алып.*

*Жақсы істерін баласының,  
Көрген кезде шаттанған.  
Тауып жаны жарасымын,  
Ақ пейілін ақтарған.*





\*\*\*

*Кірін жуып жөргектің,  
Түнде бесік тербеттің,  
Жараланбай еш жерім,  
Еңбегіңмен ержеттім.*

*Ақ сүт берген анашым,  
Мейірімді көз қарасың.  
Мәңгілікке жыр болып,  
Жүрегімде қаласың!*





\*\*\*

*Қыран құс тау шыңына шықсам дейді,  
Палуан белдескенді жықсам дейді.  
Батырлар қарсыласқан қас дұшпанның,  
Басын кесіп, жер астына тықсам дейді.*

*Байлыққа дүниеқұмар жетсем дейді,  
Құлашын аласұрып көп сермейді.  
Ал ақын жалынды жыр жазуменен,  
Өмірге бір із тастап өтсем дейді.*

*Төменгі биікті аңсар өрлесем деп,  
Мақсатқа жету үшін терлесем деп.  
Аналар тілек тілер ұл-қызымның,  
Құдай-ай, жамандығын көрмесем деп.*





\*\*\*

*Сәби болсам бір кездері анама,  
Осы күні әке атандым балама.  
Немересін кейде өбектеп сүйсе анам,  
Бір қызғаныш кеп тұрады санама.*

*«Немересін менен жақсы көре ме?  
Аналық шын мейірменен өбе ме?  
Мені сүйші ол басқадан туған ғой,  
Десем анам әлдеқалай сөге ме?»*

*Деп ойланып сұрап едім бар сырын,  
Анам айтты қалдырмастан бар шынын.  
– Сенің орның қанша бөлек болғанмен,  
Немеремнің тілі маған бал, шырын.*





\*\*\*

*Әлди, әлди, бөпешім,  
Ұйықтай қойшы, көкешім.  
Тұсауыңды кескен соң,  
Сен де жүріп кетесің.*

*Әлди, әлди, бөпешім,  
Ұйықтай қойшы, көкешім.  
Қанаттанып өмірден,  
Қияға ұшып кетесің.*

*Әлди, әлди, бөпешім,  
Ұйықта, менің көкешім.  
Айтқан тілді тыңдасаң,  
Ақылды боп өсесің.*





## **Ұрнаққа сыйлаймын**

*Мылтық бар үйімде,  
Жарылған құндағы.  
Менің жас күнімде,  
Алынған бұл-дағы.*

*Онымен әкем де,  
Талай аң алыпты.  
Майданға кетерде,  
Ол үйде қалыпты.*

*Депті әкем анама:  
– Мылтықты майларсың,  
Бөлшектеп және де  
Сандыққа жайларсың.*

*Өмір боп келсем мен  
Онда оны көрерсің.  
Келмесем егер сен,  
Балама берерсің –*

*Деген соң жан анам,  
Сандықта сақтапты.  
«Сат» депті көп адам,  
Сонда да сатпапты.*



*Жар күтіп өз басы,  
Тылда еңбек етіпті.  
Қабыл боп көз жасы,  
Жеңіс күн жетіпті.*

*Табысып жарға-жар,  
Талайлар келіпті.  
Ал, әкем сақтап ар,  
Соғыста өліпті.*

*Осылай анамды,  
Сұм соғыс жылатты.  
Көңілін жаралы,  
Уақыт жұбатты.*

*Әкемнен қалған бұл,  
Мұраны қимаймын.  
«Көзі» деп атаңның,  
Ұлыма сыйлаймын.*





## **Қиындықтың жемісі**

*Анашымның баласымын,  
Үміт еткен ұлы едім.  
Аялаумен жан асылын,  
Елжірейтін жүрегім.*

*Жетелеген алға сенім,  
Жалғасы едім әкемнің.  
Ақын едім – алмас едім,  
Қайралмай жүр екенмін!*

*Әкем кетті,  
Шешем де өтті,  
Тастап мені артына.  
Мына өмірге есем кетті,  
Ал, шабытым, жарқыра!*

*Тіліп тұсші алмас болып,  
Қиындықтың барлығын!  
Сен болмасаң, болмас берік,  
Мөлдіреген ән-жырым!*





\*\*\*

*Бақыт деген – бірге тұрған жар ма екен,  
Әлде бақыт – қың мінез ар ма екен?*

*Бақыт деген жиһаз толы ұй ме екен,  
Немесе бір бой балқытар күй ме екен?*

*Бақыт деген – шаңырақ ұстар ұл ма екен,  
Болмаса ол қалтаң толы пұл ма екен?*

*Бақытты айтсам, демессіңдер «теріс» деп,  
«Еңбекпенен тапқан адал жеміс» деп.*





## ***Тұғырына қонсам да***

*Мен өмірге соғыс жылы келіппін,  
Аспанымды бұлт басқанын көріппін.  
Қиындықтың дәмін талай татқанмен,  
Бала едім ғой, соншама не біліппін?!*

*Әкем кеткен сол соғысқа аттанып,  
Анам қалған тылда жұмыс атқарып.  
Алдарыңда енді міне, отырмын,  
Жүрегімде қатқан сырды ақтарып.*

*Балалық шақ өтті масақ терумен,  
Қиянатты аз көргем жоқ өмірден.  
Әкеміздің әлі күні білмейміз,  
Сүйегінің қайда екенін көмілген?*

*Тойып тамақ ішкен күндер аз болған,  
Сәл жақсылық көрсек көңіл мәз болған.  
Балалықтың бал күндері біздердің,  
Есімізде осылайша қап қойған.*

*Ауыртпалық түскен елдің бәріне,  
Балаға да, жастарға да, кәріге.  
Қанша қиын болғанменен сол күндер,  
Көрген түстей болып қалды бұгінде.*

Кейін қалып қиыншылық кемді күн,  
Түбірінен өзгерді ғой ел бүтін.  
Соғыс жылғы қыз- келіншек, жас жігіт,  
Ауылымның қарттары боп жүр бүгін.

«НАТИ»\*-ларды өз қолымен айдаған,  
Қайран біздің аналардай қайда адам?!  
Немеренің бесіктерін тербетіп,  
Енді солар ұрпақ қамын ойлаған.

Уақыт жүйрік өтіп жатса алмасып,  
О, жастарым, еңбек етіп, алға шық.  
Әкелердің ерлігі есте сақталсын,  
Ізгі жолы ұрпағымен жалғасып.

---

\*НАТИ – КСРО трактор зауыттарында 1937 жылдан 1952 жылға дейін шығарылған шынжыр табанды трактор





## *Мәңгіліктің көрпесі*

*Топырақты шаң дейміз, тіл жеткенше тілдейміз.  
Өйткені, біз қадірін оның анық білмейміз.  
Небір дана, ғалымдар, ғұламалар айтатын,  
«Топырақта – тамырың» дегеніне сенбейміз.*

*Топыраққа жетпейді еш нәрсенің салмағы.  
«Тек топырақ толтырар көзді» деген бар тағы.  
Адам деген білсеңіз ең алдымен өзінің,  
Кіндік қаны төгілген топыраққа тартады.*

*Көктен алтын жауған ба, ой жіберіп қарашы,  
Байқалмайды, ал, бірақ, топырақ – байлық анасы.  
Атағы мен даңқын да, бақыты мен шаттығын,  
Топырақтан тауыпты бар адамның баласы.*

*Топырақтан білсеңіз барша ғалам нәр алған,  
Топырақта өнген дән жер - жерлерге таралған.  
Қалайынша лас деп айта аламыз біз оны,  
Адамзаттың өзі де топырақтан жаралған.*

*Топырақты біреулер шаң екен деп тілдейді,  
Ұстап көріп бір уыс топырақты зіл дейді.  
Жүрек тоқтап, көз жұмса, мәңгіліктің көрпесі  
Топырақтан боларын неге ғана білмейді?!*





## *Туған жерге*

*О, туған жер балаймын,  
Кеңдігіңді анаға.  
Гүлдеріңді санаймын,  
Жас иісті балаға.*

*Созылып жатқан жолдарың,  
Мен үшін дархан дастархан.  
Алғаш дәм сенде бұйырып,  
Тіршілік сенде басталған.*

*Жүрсем де қазір қой бағып,  
Егермін ертең күріш те.  
Бірде ақын болсам ой бағып,  
Арқаусың өзің бар іске.*

*Құрылысшы болсам бірде мен,  
Үйлердің қалап іргесін.  
Жүрсем де көкте жалғыз сен,  
Өзіммен әр кез біргесің!*





## *Далам менің*

*Кеңдігіне даланың,  
Тамсанбасқа бола ма?  
Емірене қараймын,  
Ел жайлаған далама.*

*Кең төсіңде туылып,  
Сенде өмірім басталған.  
Сағымыңа жуынып,  
Шалғыныңды жастанғам!*

*Бұлтты күнді нұр қылған,  
Ұланыңның бірі едім.  
Тепсе жілік сындырған,  
Қыраныңдай түледім!*

*Құрыштай боп өстім де,  
Тұғырыңнан сытылдым.  
Балақбауды шештің де,  
Томағамды сыпырдың!*

*Сенде өмірді бастасам,  
Сен деп өмір кешемін.  
Алып жүрек, кең құшақ,  
Саған ұқсап өсемін.*





## **Қаратөбе**

*Қаратөбе, бұйра далам, ақық күн,  
Қызығыңа бала кезде батыппын.  
Баурайыңда бозторғайдай шырылдап,  
Шалғыныңда шалқалай кеп жатыппын.  
Айналайын, Қаратөбе... ақық күн.*

*Зырылдады-ау, зырылдады-ау бұла күн,  
Бастап сенде жігіттіктің құмарын,  
Қолаң шашты, қара көзге ғашық боп,  
Жақтым қайта жан әкемнің шырағын,  
Айналайын, Қаратөбе, бұла күн...*

*Құшағыңды аш, Қаратөбе, келдім мен,  
Баурайыңнан бала күнді көрдім мен!  
Сол балаңды ұмытпасаң болғаны,  
Жүрегіме орын тептің сен мүлдем,  
Құшағыңды аш, Қаратөбе, келдім мен!*





## *Қаратөбеге барғанда*

*Топырағыңнан нәр алып,  
анамның сүтін татыппын,  
Талбесікке бөленіп өзіңде алғаш жатыппын.  
Балақты түріп борпылдақ құмда асыр сап,  
Тығылмақ ойнап, асықты көздеп атыппын.*

*Қалдырып солай өзіңде тастап жөргекті,  
Сәбилік шағым айналып маған келмепті.  
Есейгенімнің белгісі шығар бел шешіп,  
Бастадым алғаш тіршілік етіп еңбекті.*

*Біртіндеп жүрдім өмірдің сырын үйреніп,  
Өзіме лайық марапат пенен сый көріп.  
Маздатып отын әкенің өшкен қайтадан,  
Жақтым ғой сенде жарымды тауып үйленіп.*

*Көптеген жылдар қалыпты кейін қарасам,  
Дала да бүгін өзгерген, әбден жаңарған.  
Балалар үшін Қаратөбе атың ескіріп,  
«Ойынтөбе» деп атайтын бопты жаңадан.*





\*\*\*

*Киелі қара жердің бал қаймағы,  
Толқиды туған жердің дәнді аймағы.  
Осынау ағыл-тегіл мол қазына,  
Төгілген маржан тер ғой маңдайдағы.*

*Бұл байлық байлық емес көктен түскен,  
Мұндайлық бақыт бізге жеткен күшпен.  
Көктемгі іс, жаздағы ауыр еңбек күзде  
Диқанның бақ-мерейін еткен-ді үстем.*

*Алтын дән, айналайын, алтын орақ,  
Асқақ жыр, қажымайтын халқыма бақ!  
Қым-қуат тірліктің сен, ақ қайнары,  
Төсінен туған жердің сарқырап ақ!*





## *Ана тілін ту көтеріп, ардақтап*

*Сөзімізді арзандатып алмайық,  
Ғұмырларды ұрпақпенен жалғайық.  
Қазақ тілі – мақал-мәтел мәйегі  
Тілді сақтап жоғарыға самғайық.*

*Тілді сақтап жоғарыға самғайық,  
Тіл білгенді аяқтан біз шалмайық.  
Ана тілін меңгерейік жас кезден,  
Өсе келе мәңгірт болып қалмайық.*

*Жастай мақал-мәтелдерді жаттайық,  
Ата сөзін есте әрқашан сақтайық.  
Ана тілін ту көтеріп, ардақтап  
Болашақтың босағасын аттайық!*





## *Астанаға*

*Келбетін көріп көркем астананың,  
Мен қалай жыр жазуға жасқанамын.  
Еріксіз қуанғаннан бақ ішінде,  
Қосылып мен де айттым жастар әнін.*

*Сұлулық сенен аспас жалтылдаған,  
Адамның бәрі сыршыл аңқылдаған.  
Бағың мен көшең толы студенттер  
Айналдым астанам-ау, сән тұлғаңнан!*

*Аралап жүргенімде бақтарыңды,  
Әр гүлің сырын айтып ақтарылды.  
Қалайша ұмытармын өзіңде өткен,  
Тамаша ұмытылмас шақтарымды.*





## ***Сөз туралы***

*Дертке – дауа,  
Жанға – қуат,  
Қара сөзі қазақтың!*

*Қалам алдым толғанып ап,  
Ішіне ендім ғажаптың.  
Ертегінің ішіне ендім,  
Ерттеп мініп қиялды.*

*Енді мені түсінер кім,  
Сезім қайда сияр-ды?!  
Бұлт жамылған будақ-будақ  
Алып таудай күркіреп,  
Жаздым өлең шумақ-шумақ,  
Жан-жүйкемді сілкілеп!*

*От уыстап жалаң қолмен,  
Жүргендеймін зеңгірде.  
Көк зеңгірмен жаралған кең  
Туғандаймын мен бірге!*

*Ол – шабытым!  
Самғары хақ!  
Ең ғажабы ғажаптың!  
Дертке – дауа  
Жанға – қуат,  
Қайран сөзі қазақтың!*





## *Кей басшы*

*Кей басшы ұнатады жағынғанды,  
Айтқанын екі етпей бағынғанды.  
Өзіңнен жасы кіші болсадағы,  
Сен өзін үлкен тұтып табынғанды.*

*Алдына көрмесе де келгеніңді,  
Кей басшы ұнатады бергеніңді.  
Ондайдың өз ойынан шыға алмасаң,  
Көзге ілмес көп болса да еңбегіңді.*

*Кей басшы туралықты жүрер жақтап,  
Сенімін ел-халықтың армен ақтап.  
Мұндайлар ақырындап көкке өрлейді,  
Білім мен сабырлықтың кілтін сақтап.*





## ***Қарапайым шопанмын***

*Турам күнде ертеменен киініп,  
Еңбегіме жатсын деп ел сүйініп.  
Мөлдіресе маңдайымнан ащы тер,  
Күлімдейді алтын басын Күн иіп.*

*Жас жүрегім қарсы алып жаз, ақпанды,  
Тірлігіңнің тәтті, ащысын татқан-ды.  
Сол жүректе тәтті, ащы ма, әйтеуір,  
«Еңбек» деген ырысты сөз жатталды.*

*Еңбегіммен ұлы болдым Отанның,  
Еңбегіммен алды болдым қатардың.  
Әлі талай тірлік дәмін татармын,  
Шабыттансам – шексіз шалқар ақынмын,  
Жайшылықта қарапайым шопанмын!*





## **Нағыз бақыт**

*Қырға шығып қызыл-жасыл гүл ұстап,  
Аруларға сыйға тартсақ уыстап.  
Біз соны да бақыт көріп жүруші ек,  
Сол бір шақтар өтіп кетті жылыстап.*

*Көңілімнің орын беріп төрінен,  
Дос санадым ел біткеннің бәрін мен.  
«Нағыз бақыт – достықта» деп жүргенде,  
Сол достардың айрылыппын көбінен.*

*Көп нәрседен артық көрдім білімді,  
Білімділер көркейтер деп өмірді.  
Сенетін ем, бәрі бірдей олардың,  
Жақсы болып шықпайтыны білінді.*

*Өткеніме ой жіберіп ақырын,  
Әр нәрседен түйін түйіп жатырмын.  
...Ұғынғаным сәл ауырып қалғанда,  
Денсаулығым екен нағыз бақытым!*





\*\*\*

*Жүректен шыққан асыл сыр,  
Жүректен орын табады.  
Егерде жазсам жасық жыр,  
Беріңдер әділ бағаны!*

*Шыққан от-сөзім кеудеден,  
Көңілдің күйін қозғайды.  
Ақынның алыс сермеген,  
Өлеңі мәңге тозбайды.*

*Сөз – қайғы, жұртым, мен үшін,  
Жол тапсам деймін жүрекке!  
Сыйлайды ел ақын – серісін,  
Сіңген ол әдет сүйекке!*





## **Ақыл**

*Шашы аппақ құдай аға сынай кеп,  
Жас жігітке ақыл айтты былай деп:  
– Еліктемей езге,  
Ермесең сөзге,  
Мадақтап өзге,  
Көрінсең көзге,  
Бұл, сенің, өскенің!*

*Шашы аппақ құдай аға сынай кеп,  
Жас жігітке тағы да айтты былай деп:  
– Мақтауға піссең,  
Масайрап іссең,  
Ақылыңды ішсең,  
Жат жолға түссең,  
Бұл, сенің, өшкенің!*





## **Ұғамын**

*Ару сырын ұғамын,  
Мөлдіреген көзінен.  
Аға сырын ұғамын,  
Ақыл айтқан сөзінен.*

*Ана сырын ұғамын,  
Әжім басқан жүзінен.  
Дала сырын ұғамын,  
Көктемі мен күзінен.*

*Ұқтым-дағы толғандым,  
Ойымды бұл түлетті.  
Қаламымды қолға алдым,  
Шабыт кернеп жүректі.*





## **Қорғасын**

*Соғыс жылы келіпін мен,  
Осы дулы өмірге.  
Соңдықтан да серікпін мен  
Қорғасын мен темірге.*

*Қорғап темір қорғасын мен  
Өмірімді балауса.  
Талпынумен,  
Алға асумен,  
Ақын болдым шамамша.*

*Әлі талай қорғасын боп,  
Құйылады өлеңім.  
Ол да Отанды қорғасын деп,  
Іштей тілеп келемін.*

*Самғап алыс сезім құсы,  
Шықты өлеңім – жан даусым.  
Қорғасындай төзім күші,  
Өлеңім ғой қорғаушым.*





## *Төрт таған*

*О, адам, ой салып барлашы,  
Еңбек, ол – тіршілік арнасы.  
Жолдасы байлық пен ерліктің,  
Бақытқа бастаған жол басы.*





\*\*\*

– Гүл ме екен, ұл ма екен, күй ме екен...  
Бақыт не?  
Жиһаз ба, үй ме екен?  
– Бақыт, ол – еңбектің жемісі,  
Тыныштық... тіршілік... гүл мекен.





\*\*\*

*Жер-Ана, кеш бізді тілдесек,  
Шаң десек, топырағың зіл десек.  
Тірліктен өткенде... сол топырақ  
Көрпеміз боларын білмесек.*





\*\*\*

*Бұл өмірде не артықтау деп өстім,  
Ақыл, арман... оған кенде емеспін.  
Шіркін, бәрі қажет-ақ қой өмірде,  
Әттең, бірақ, сыйластыққа не жетсін?!*





\*\*\*

*Басым аман болсын десең тегі сен,  
Тұлғалас бол қарсы келер кісіңмен.  
Тілім аман болсын десең оны сен,  
Әрмен ұста отыз екі тісіңнен.*





\*\*\*

*О, Өмір!  
Жолың сенің неткен тарам,  
Бар ма екен арманына жеткен адам?  
Тірлікте ренжімей жүрген жан жоқ,  
Басқанмен ілгеріге күліп қадам.*

*Аяқтан күйкі тірлік күнде шалып,  
Санаулы өмір барады алыс қалып.  
Біреу жүр сал-серілік құрып сайран,  
Ал біреу өміріне жүр ғой налып.*

*Біреу жүр қос кемеңіз басын ұстап,  
Зорлықпен пенделікке өзін қыстап.  
Ондай жан ойлап тұрсақ не айтпақшы,  
Ақылмен ұрпағына жолды нұсқап.*





## *Музаға*

*Жарығым, Муза, айналып өгей шешеге,  
Қайрылмадың-ау, шақырсам-дағы нешеме!  
Кеудемде мынау маздаған нәзік шырағым,  
Лауламай жатып өше ме?!*

*Өзіңмен мәңгі байланған бірге кіндігім,  
Қабағым шытпай арқалап келем жыр жүгін.  
Өлеңнің оты жылытып жанды тұрмаса,  
Қымбат та емес тірлігің...*





\*\*\*

*Көз міндетті дүниені көруге,  
Қол міндетті несібені теруге.  
Санам менің – санам менің міндетті,  
Көз көргенді жыр жолына өруге.*

*Ми міндетті күннен-күнге толуға,  
Міндетті жүрек тоқтаусыз ғана соғуға.  
Азаматтық арым менің міндетті,  
Отаным мен халқыма адал болуға!*





\*\*\*

*Таяқсыз мал жүрмейді айдағанға,  
Тұзды жер тұрақ болмас жайлағанға.  
Ас болып есептелмес есі барға,  
Құм сағыз сағат бойы шайнағанда.*

*Білімі аз кейбір надан ашуланар,  
Нағашы-жиен болып ойнағанға.  
«Күйеуін пайғамбар да сыйлаған» деп,  
Ойнайды жақсы болса қайнаған да.*

*Асаба әлсіз болса әнсіз өтер,  
Қызықты кештеріңді тойлағанда.  
«Жас келіп қартайғанда бақыт» деп біл,  
Ұрпақтың жиналғаны айналаңа.  
Ойласақ адамзатқа дүниеде,  
Не жетсін бірін-бірі сыйлағанға!*





## ***Еңбек туралы ой***

*О, адам салмақтап барлашы,  
Еңбек – ол өмірдің жарнасы.  
Өтемей қалай мен отырам,  
Еңбек – ол тіршілік арнасы.*

*Еңбексіз егіннің дәні жоқ,  
Еңбексіз өмірдің сәні жоқ.  
Еңбексіз ойласам, достарым  
Ішетін тағамның дәмі жоқ.*





## *Қайрау*

*Тоңазиды денем неге,  
Жаным неге сыздайды?!  
Неге, неге, көнем неге  
Көңіл кешсе мұз қайғы?*

*Телміріп тек керегеден  
Достарымды таң қылдым.  
Неге, неге, неге көнем  
Азабына сәл мұңның?!*

*Болмашыға сене берем,  
Заңы ғой деп өмірдің.  
Көнем неге, неге, неге  
Күйкісіне көңілдің?!*





\*\*\*

*Түсін, достым, айтарымды сен менің,  
Аз ба, көп пе тағдырыңнан көргенің,  
Бірақ, дәйім жасуға еш болмайды  
Артқан шақта ел сенім!*

*Сондықтан да жабырқауды білмедім,  
Жүрегімде қауыз жарды гүл менің,  
Жасын атып жанарымда найзағай,  
Жалын шашты күндерім мен түндерім!*

*Түсін, достым, айтарымды сен менің,  
Дұрыс әр кез болашаққа сенгенің!  
Өз өзіңе, өз еліңе сенбесең,  
Онда, онда, мәңгі бақи сөнгенің!*





\*\*\*

*Бәрі де жақсы, кеткендейміз-ау жарасып,  
Оралдың қайта, қалмады жанда жара түк.  
Жан досым менің, есіктен күліп енгенде,  
Шаңырағыма жібердің шуақ таратып.*

*Толқыды сезім көңілдің теуіп кемерін...  
Жанымды менің жадыратып сол сәт жібердің.  
Сенемін, досым, сенемін саған,  
Түсіндім,  
Өмірде мынау айнымас достың керегін!*





## *Күміс той*

*Отасқалы жиырма бес жыл  
Сүйгеніме қосылып,  
Көңілім жоқ қалған ешбір,  
Махаббатқа, осыны ұқ!*

*Жиырма бес жыл бұдан бұрын  
Жас едім мен жалынды.  
Қанат қағып қыран жырым,  
Ақша бұлтты жамылды.*

*Жиырма бес жыл бұдан бұрын  
Сүйгенім де жас еді.  
Құмар күнім,  
Сыралғы күн...  
Бойымда әлі әсері!*

*Ойлы күндер келер енді,  
Келсең, мейлі, кел деймін!  
Ата болып немеремді,  
Сүйгеніме сенбеймін.*





## ***Ақын***

*Көркем сөзбен туындайтын жырларын,  
Айтатын кім, өлең етіп сырларын.  
Ол дегенің тілі шебер ақын ғой,  
Айналадан аңғармасы болмайтын.*

*Ұлы өмірге өз еңбегін жарна ғып,  
Әр жырына тіршілікті арна ғып.  
Қой бақса да,егінші боп жүрсе де,  
Өлең жазып жүреді ақын алға нық.*





\*\*\*

*Шабыт-атым бәйге күткен,  
Ауыздықпен алысып.  
Келе жатыр қалмай көштен,  
Уақытпен жарысып.*

*Жыр-аспанға шықты атылып,  
Шықты атылып тоқтамай.  
Көк шалғында шық шашылып,  
Шырқап көкте шапқаны-ай!*

*Айттым жырмен өмірімді,  
Айтсам тағы мынадай.  
Жеткізеді сенім ұлды,  
Бақытына туралай.*

*Шопан болып, мал да бақтым,  
Ен даланың төсінде.  
Жалын тартып арғымақтың,  
Шаптым жаздың кешінде!*

*Көрдім қызық:  
Төктім тер де,  
Жемісті боп еңбегім!  
Жетер жерге жеттім мен де,  
Көкейімде көргенім!*

## ҚАРАТӨБЕ

*Уа, жастар, сендерді де,  
Шақырамын бұл іске!  
Қиындықты көрген білер,  
Көзің жеткіз, кіріс те!*

*Туған жердің қыратында,  
Ақтылы қой шұбыртып.  
Жастық шақтың қуатын да,  
Жұмса іске жұмылтып!*

*Сансыз мына сәйгүліктей,  
Қосқан ұлы дүбірге.  
Заулаңдар, бап-жайды құтпей,  
Кері тартпай бірің де!*

*Шабыт ұшты, шат жүрегім,  
Өздеріңді көргенде!  
Бұл өлеңім-ақ тілегім,  
Ақжолтайым сендерге!*





## *Аққа ештеңе жетпейді*

*«Ақ тұс пе, әлде қара ма?  
Қайсысы жақсы сарала».  
Деп сұрақты қоюшы,  
Беремін жауап балама.*

*Аққа ештеңе жетпейді,  
Одан артық өтпейді.  
Сары, қара, көк, қызыл,  
Ақтан асып кетпейді.*

*Себебім, ақты мақтаған,  
Көңілім ақты жақтаған,  
Ананың сүті ақ тұсті,  
Ешкім жоқ оны татпаған.*

*Аққа қара батпаған,  
Ақ жүрек сырды сақтаған.  
Жаңа отауға жас келін,  
Ақ шәлі салып аттаған.*

*Ұзаққа сапар жасаған,  
Ақ бата алған атадан.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Шын сүйгенін ғашықтар,  
«Ақ гүлім» деп атаған.*

*Осы айтқаным дұрыс па?  
Безбенге салып қадақта.  
Өзің де алғаш барғансың,  
Ақ көйлек киіп сабаққа.*

*Сұрағың осы сұралған,  
Болсаң, балам ұға алған.  
Жылан екеш жыланды,  
Ақ құйып әжең шығарған.*





## Газет

Ұлы еңбекті шабыттана жырлаған,  
Шындығым бұл, бұлбұлым бұл тынбаған.  
Бетінде оның солқылдайды балғалар,  
Бетінде оның жайқалады тың далам!

Бетінде оның – тіршіліктің шат әні,  
Бетінде оның жұмысшы тіл қатады.  
Бетінде оның болашаққа жол тартып,  
Ғарышкерлер ұшып-қонып жатады.

Бақыты асқан, байлық тасқан бұл күні,  
Үзілмесін шат күлкінің сыңғыры.  
Жырла бәрін, барлығын да баянда,  
Дәуірімнің ар-ожданы, шындығы!





\*\*\*

*Ақынға керек өмірге деген ғашықтық,  
Тым қажет оған адамға деген махаббат.  
Сол сезім ғана жақсыға жанды асық қып,  
Адалдық пенен ар тазалығын сақтамақ.*

*Сол сезім ғана жаныңды сақтап жаманнан,  
Ізгілік отын кеудеңе жағар әманда.  
Сол сезім ғана жақсылық іздеп адамнан,  
Сендірер және күдік-күмәнсіз соларға.*





## *Махаббат мұңы*

*Жақсы ғой жас келін боп именуің,  
Жақсы ғой жас отау боп, үйге кіру...  
Қолынан абайсызда кеткен ұшып,  
Жас ақын бетін ашты сүйгенінің.*

*– Қарағым, айналайын, шырын келін,  
Айтайын бар шыңдықты бүгін, келін.  
Бет ашып көрмегендей бұрын, келін,  
Шырқамай... бұқпантайлап үнім менің,  
Білмеймін, бүгін неге дірілдедім?!*

*Айтайын ақылымды ұғын, келін,  
Күн болмас бұдан кейін күнің, келін.  
Біреудің босағасын аттадым деп,  
Жарамас, жылағаның, бүлінгенің,  
Айтайын, ақылымды ұғын менің....*

*Түсін де... тартып ұста тізгініңді,  
Ойлама, ойлама енді қыз күніңді.  
Алқынып көрік кеудең Ай астында,  
Ойлама... өзге жанға үздігуді,  
Түсін де... тартып ұста тізгініңді.*

*Көзің де мөлдірейді жақұт, келін,  
Не айтсаң да солай болды уақыт, келін.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Қоса ағар қосағыңмен мәңгілікке,  
Тілеймін өміріңе бақыт, келін!  
Саған – тең, теңім бе екен бақыт менің,...*

*... Бар сырын астарменен шертті жігіт,  
Күйеу мас, бақытына бөртті күліп.  
Ерітті жігіт сөзі жұртты үйіре,  
Сөйтті де орамалды серіпті жігіт.*

*– Сәлем де! –  
Жұрт та тыныш бола қалды,  
Дариға-ай, таусылуы-ай бар амалдың!  
Жарқ етті жанарлары жас келіннің,  
Аржағынан ақ шәлі орамалдың.*

*Сол жанар...  
Бәрін, бәрін білем деді,  
Құбылып, құқыл тартып реңді өңі.  
Өртеген өкініштің отына енді,  
Өлгенше өмір-бақи күйем деді...*

*Сол жанар...  
Өткен күнім өшкен деді,  
Басымнан бұла дәурен көшкен деді.*

*Сол жанар...  
Жаутаң қағып жәудіреді,  
Періште махаббатым хош бол деді....  
... Қайран менің сол күнім көкірегімнен,  
Көкірегімнен сірә да, өшкен бе еді?!*





\*\*\*

- *Ғашықсыз ба?*  
– *Ол менің болған елім,  
Алайда дәм-тұзына тоймап едім!..*
- *Ал, сағыныш?*  
– *Сағынбай бола ма адам,  
Ұйқысыз атты талай бозала таң!...*
- *Қуаныш ше?*  
– *Шаттықты сүйген едім,  
Талай қиын кездерде күйремедім!..*
- *Көз жасы ше?*  
– *Кей кезде тамғаны бар,  
Жүрегім үзілердей салмағынан...*





\*\*\*

*Күле бер, еркем, қарама маған,  
Мен деген –  
Ақынмын бірге жүрегі соққан жерменен.  
Алыста жүрген әлдебір жанның қайғысы,  
Мұң болып келіп жанына тыным бермеген.*

*Күле бер, еркем, қарама маған,  
Мен деген –  
Қиялшыл жанмын жүрегін бір мұң тербеген.  
Жарқылдап тұрған жұлдызға қолын созумен,  
Жанында тұрған Айы мен Күнін көрмеген.*

*Күле бер, еркем, қарама маған,  
Мен деген –  
Қыранмын бәлкім биікке қанат сермеген.  
Кең байтақ мынау жап-жазық қана даламын,  
Күлкіңе сенің шөлдеген!*





\*\*\*

*Алау шашып ортамызда жанады от,  
Жанған отқа ақ сәулеш қарады көп...  
Қап-қара қос жанары мөлдіреді.  
Махаббаттың шамалы самалы боп,  
Алау шашып ортамызда жанады от.*

*Жанымдасың, бар нендей өзге тілек,  
Осы бір сәтті жырла, тербе, жүрек!  
Жалт етіп қара көзді төңкересің,  
Мен отырмын таба алмай сөзге тиек,  
Жанымдасың, бар қандай өзге тілек!*

*Өректіп саған ынтық көңіл деген,  
Нәп-нәзік от сезімге берілген ем,  
Сенімменен мен саған қарағанда  
Қап-қара көздеріңнен өмір көрем...  
Өректіп саған ынтық көңіл деген.*

*Сол бір кештің әсері кеудеде әлі,  
Өлмейді, махаббаттың өлмейді әні!  
Ия, сөнді... сол бір кеште жанған алау,  
Бірақ, бірақ сөнген жоқ кеудеде әлі.  
Өлмейді, махаббаттың өлмейді әні!*



\*\*\*

*Жылынып жаным әлдебір ыстық сезімге,  
Қарадым ұзақ нұр шашқан сенің көзіңе.  
Көзіңнен сенің жаныма сәуле құйылды,-  
Сол кеште, сәулем, қызыл гүл бердім өзіңе.*

*Қызыл гүл әлде мендегі іңкәр ізет пе,  
Қуанышың мен күлкіңді сенің күзеткен.  
Ол әлде, сәулем, мендегі жалын сезім бе,  
Жаныңды бірде жаз еткен, бірде күз еткен?!*

*Ол әлде жыр ма құйылған ыстық жүректен,  
Кеудеңе сенің солмайтын мәңгі гүл еккен?!  
Сен мөлдірсің гой...  
Шынымен сол гүл жыр болар,  
Жердегі барлық ұштасқан аппақ тілекпен!...*





## ***Махаббат деген немене?..***

*Бұрын мұндай махаббатты білмеп ем,  
Сезім тербеп оянамын күнде мен.  
Таң нурымен қалам алып қолыма,  
Бақты кезіп... беймәлім бір үнге ерем.*

*Сол үн мені арбап алыс шақырар,  
Өзегіңе шоқ түсірер оты бар.  
Сол үн маған естіліп бір сәт сайын.  
Шаттығы мен тәтті мұңға батырар...*

*«Сүйем...» дейді лебіменен аймалап,  
Дала кезсем, таң арайын жайған шақ,  
Жабырқаулы жүрегімнен жыр шалқып,  
Жанарымнан мөлдір жасым тайғанап...*

*Балдай сезім...  
Мұны қайдан көріппін,  
Жер ортасы жасқа келіп желіктім.  
Тұтқыны боп өліп қала жаздаймын,  
Жанға біткен ақыл менен көріктің...*

*Кешіре гөр, аппақ арым, ақ арым,  
Махаббаттың мазағы боп барамын.  
Енді саған қайта айналып соқпаспын,  
Сен де кешір,  
Қош бол, менің маралым!...*



\*\*\*

*Махаббатсыз адам өмір сүрмеген,  
Махаббат жоқ есептелер пұлменен.  
Дана, білгір, данышпандар бұрынғы,  
«Махаббатсыз өмірің еш тұл» деген.*

*Саған деген махаббат бар анада,  
Қамқоршылық махаббат бар ағада.  
Ауасымен бойыңа алғаш сіңірген  
Саған деген махаббатын дала да.*

*Кіндік қаның тамған алғаш жеріңде,  
Махаббат бар Отаның мен еліңе.  
Махаббат бар сен деп соққан жүрегі,  
Жаныңдағы балауса жас келінде.*

*Махаббат па, қызға гүлді ұсыну,  
Тәтті емес деп дәмін татып ысыру.  
Махаббат ол өзіңе іңкәр болғанның,  
Айтқызбастан іштей сырын түсіну.*

*Сол үшін де махаббатты сақтаңдар,  
Ата күші, ана сүтін ақтаңдар.  
Отау тігіп үйленуші жастарым,  
Ілгеріге гүл құшақтап аттаңдар!*





\*\*\*

*Күн жүресің, түн жүресің,  
Сылқым жігіт мас болып.  
Үйдің ішін бүлдіресің,  
Көрінгенмен қас болып.*

*Тіл тигізіп жас жарыңа,  
Жөн-жосықсыз тілдейсің.  
Дақ түсіріп пәк жанына,  
Жүргеніңді білмейсің.*

*Бір кездері сүймен пе едің,  
Сен жарыңды күйіп - жанып.  
Бүгінгі күн бұл неткенің,  
Жүрегіне қайғы салып?!*

*И басыңды алдына бар,  
Сұра, одан кешірім.  
Махаббаттың өмір құмар,  
Жауып алма, есігін!*





## *Тіріңде қадіріңді білу қиын...*

*Мергенге төлі бар аң ату қиын,  
Ақынға жиында үйде жату қиын.  
Саудагер аларманға қолда барын,  
Көрсетіп жарқыратып сату қиын.*

*Үлкенге кіші үйіне бару қиын,  
Сараңға жұрттан өзі алу қиын.  
Ерлерге еңбек етпей, табыс таппай,  
Өзінің қатарынан қалу қиын.*

*Өздерге айналасын шолу қиын,  
Ұлдарға жақсы азамат болу қиын.  
Қыздарға өмірінде өкінбестей,  
Адаспай тұғырына қону қиын.*

*Ойлыға дүниені үгу қиын.  
Ініге аға болып жүру қиын,  
Бұл қазақ өлмей тұрып, мақтамайды,  
Тіріңде қадіріңді білу қиын...*





\*\*\*

*Анды ату қиын мергенге,  
Сүйкімді құйттай төлі бар.  
Тасадан таяп келгенде,  
Жамылып шалғын торығар...*

*Айрылған қиын анаға,  
Қапыда бауыр-баладан.  
Сағыныш толып санаға,  
Қазалы күнін санаған...*

*Жігітке қиын қор болған,  
Аруга арсыз тап болып.  
«Басым-ай алтын, алданған»,  
Деп зарлар сырын ақтарып.*

*Қиын қой, қиын, қиындау,  
Қиындық көп қой өмірде.  
Ұршықтай талай иірді-ау,  
Алтын басымды менің де.*

*Ашылып көңіл сандығы,  
Елжірер жүрек енді көп....  
Бүгінде соның барлығы,  
Төгілер жыр боп мөлдіреп!*



## **«Ат тұяғын тай басар»**

*Болғанменен бәйшешек сынды армандар,  
Табиғаттың бермесін тартып алған бар.  
Әу бастан бабам қой малын қадір тұтқан ғой,  
Шопандарым, биіктерге самғаңдар!*

*Ерте тұрып еңбек етіп ақ таңнан,  
Өз бақытын ұлы еңбектен тапқан бар.  
Бәстескенде бірінші кеп көмбеге,  
Жұлдені алып жарыста әр кез шапқан бар.*

*Қырманы – дәнге, өрісі – малға толғандар.  
Бар халыққа мақтан болған тарландар.  
Өсиет ғып айтар болсам, жастарым,  
Аталардың жолын әрі жалғаңдар!*

*Сондай жастар арамызда баршылық,  
Аппақ терге жүретұғын малшынып.  
Ақ таяғын алып қалған әкенің,  
Сабақтастық болуы да – заңдылық.*

*Қаншама жас қиындықта шынықты,  
Арасынан небір қайсар шығыпты.*



*Ащы терің көп төгілсе соншалық,  
Нанның дәмі тәтті екенін ұғыпты.*

*Тұлпарлардың еріп жүрген ізінен,  
Жастар қандай қаз-қатар боп тізілген!  
Көргеніңде көңіл өсіп, көз тойып,  
Осылардың мақтанасың бәрімен!*

*«Ат тұяғын тай басады» дейді елім,  
Бойларынан табылғанмен кейде мін.  
Жалғап жүрген ата-баба жолдарын,  
Жастарменен көрікті ғой ертеңім!*





## *Адамға жағып болмайсың...*

*Тік ұстасаң бойыңды, «бұл өзінше паң» дейді,  
Әдемі киім кигенді «көрінгенге таң» дейді.  
Қарапайым қалпыңды көре алмайтын көрмедік,  
«Құдай басқа салмасын, салдыр салақ жан», – дейді.*

*Тиын алып, сом берсең, «жомарт, мырза бұл», – дейді  
Көмектесең әйелге, «ер емес бұл құл» дейді.  
Қайтармасаң қарымта алғаныңнан артықтау,  
«Осындайға істеген қайырың да тұл» дейді.*

*Кішіні іні, үлкенді сыйлай білсең ағалап,  
Мұны да жұрт өзінше қояды екен «бағалап».  
«Бірін – аға, іні ғып осы қуың асылы,  
Жұр-ау – дейді – басшының көлеңкесін сағалап».*

*Осындайдан қалайша жадау тартып қалмайсың?  
«Айналама не болып кеткен?» деп те ойлайсың.  
Түсінгенім, әйтеуір тіршілікте ешқашан,  
Адамдарға ғұмыры әсте жағып болмайсың.*





\*\*\*

*Жыр жазады деп мақтама,  
Ақындық сырды ұғынсам.  
Дос болса жаның даттама,  
Шалыс басып жығылсам.*

*Ұлым деме туған ел,  
Қиыннан қашып тығылсам.  
Жарысқа қоспа шаппай сел,  
Қара тер болып ұрынсам.*

*Десеңдер ортам өзімді,  
«Ауырға төсел, шыдай бер»  
Жазылған әрбір сөзімді,  
Әділдікпенен сынай бер.*





## *Жолдар, жолдар...*

*Жетелеп жол арманның асқарына,  
Құяды шабыт-өлең жас жаныма.  
Қиналмай жаза берем ақ қағазға,  
Кездесем көңілдің тың дастанына.*

*Бір жолмен барам жүріп достарыма,  
Кездесем егіншінің қостарына.  
Ал бір жол кездестіріп қуантады,  
Сағынып қарай-қарай тосқаныма.*

*Кейде өзім жол үстінде құлап та алам,  
Басқаға сездірместен жылап та алам.  
Сонда да өлеңімді серік етіп,  
Мәңгіліктің еліне ұзап барам.*





# ЖҮРЕГІМДЕГІ ЖАҚСЫЛАР...





## ***Ағаларыма***

*Аңқылдап алдымда жүрген,  
Ақ көңіл ағаларым-ай!  
Өз қадірлерін өздері білген,  
Қатепті қара нарларым-ай!*

*Жүреді өздеріңді аңсап,  
Нәп-нәзік жүрегім менің.  
Кеткен бір кездеріңде алшақ,  
Анық қой жүдеуім менің.*

*Мендегі жырларда жалын  
Сендердің тілектерің бар.  
Жанымда тұрғанда бәрің,  
Тіл қатар жүректе де үн бар!*

*Ағалар, аман болыңдар,  
Қоңыр кеш, қарбалас таңда.  
Гүл жаусын қадамдарыңа,  
Әманда алға басқанда!*





## *Жеңешем*

*Ағасына айналсам да талайдың,  
Жан жарына жолыққанда ағайдың.  
Балалығым ұстап кетіп қағытып,  
«Жеңеше» деп «бал жүзіне» қараймын.*

*Ал, жеңешем, күліп қойып мұндайда,  
Әзілдерін әзірлейді ыңғайға.  
«Өрлі-берлі домалатып алар ем,  
Баяғыдай бірақ, менде әл қайда?»*

*Дейді-дағы бір күлімдеп қалады,  
Сол баяғы өзгермеген жанары,  
Сол баяғы өзгермеген қабағы,  
Есімізге естеліктер салады.*

*Жеңешемді әкелгенде бала едік,  
Жігіт жасқа жете қойған жоқ едік.  
Бармайтынбыз шақырғанда жанына,  
(Не деген біз сонша ақымақ жан едік?)*

*Ал, жеңешем тым қалжыңбас болатын,  
Қолын кейде салмас жерге салатын.  
– Қашан жігіт боласыңдар осы – деп,  
Жерге аунатып, домалатып алатын.*



*Енді бүгін бәрі-бәрі өзгерген,  
Тек естелік қалды сол бір кездерден.  
Жайдары жүз жеңешемнің жанында,  
Сыйластықтың шын қадірін сезгем мен.*

*Өнегелі, гибратты өмірі,  
Бір кітапқа жүк болатын секілді.  
Жастық шағы қайтып келмес, дегенмен,  
Қартаймасын ешқашанда көңілі.*





## ***Қарсы аламыз табыспен***

(Ақын Сәду МАШАҚОВҚА)

*Жолыменен атам қазақ салтының,  
Бірі болып сәлем берем жалпының.  
Қош келіңіз, ақын аға, Қызылға,  
Көрмек үшін еңбектерін халқыңның.*

*Қызылқұмның қызыл-жасыл гүлі бар,  
Еңбекші ер Әділбектей ұлы бар.  
Жолың түсіп бара қалсаң «Сәпиге»,  
Өскен онда жемістердің түрі бар.*

*Мекен еткен малшыларым жайлау бар,  
Сол жайлауда Шерпет пен Сайлау бар.  
Дертке-шипә қымыз бенен шұбатқа,  
Көрсен, аға, толған дерсіз қойнаулар.*

*Аралаңыз, баршасын да көріңіз,  
Қызықтырса қызыл гүлін теріңіз.  
Елдің гүлі – еңбекші кіл жандарды,  
Арқау етіп жыр шумағын өріңіз.*

*Ауылыма жылда-жылда келіңіз,  
Өр халқыма жырдан шашу беріңіз.  
Өр сапарды қарсы аламыз нан-тұзбен,  
Өр жолы да зор табыспен сеніңіз!*





## **Журналист**

**(Атақты журналист Ұзақ БАҒАЕВ  
ауылға келгенде оқылған өлең)**

*Жолға шығып еңбекпенен күн кешіп,  
Еңбекшімен бірге жүрген, бірге өсіп.  
Ол кім, достым, білемісің айтшы сен?  
Ол – журналист жүрген көппен тілдесіп.*

*Шопанменен күн өткізген өрісте,  
Диқанменен дидарласқан күріште.  
Баршасын да аралаудан ерінбес,  
Шыныққан ол жолға шығып, жүріске.*

*Озаттарды көзі көрген мақтаған,  
Әрқашан да туралықты жақтаған.  
Кемшілікке әсте жаны төзбеген,  
Өз парызын әділдікпен ақтаған.*

*Жолға шықсаң құтты болсын, қадамың,  
Ұзақ Аға, мұқалмасын қаламың.  
Жаза бер сен, халық айнасы – газетке,  
Сом тұлғалы ұлы еңбектің адамын!*



## ***Қарызым менің өзіңе деген жетерлік***

***Ұстазым  
Сәден НҰРТАЕВҚА***

*Балалық шағым көзіңнің өтті алдында,  
Алаңғасарлау, тентектеу сол бір қалпымда.  
Ешқашан беттен қағып көрмедің алайда,  
Сабырлы әркез тұратын едің қалпыңда.*

*Ақырын ғана ақылыңды айтып, ұқтырып,  
Жүретін едің, не деген ұлы мықтылық!  
Сабақта жауап бере алмай қалғам сәтімде,  
Тұратын еді-ау қос жанарыңда шық тұрып.*

*Қиналып сонда қалатын ба едің мен үшін,  
Ұстаздық деген Ұлылық екен тегі, шын.  
Соны енді ғана түсініп жүрмін мен бейбақ,  
Басымды иіп, сұраймын Сізден кешірім.*

*Қаншама жылдар мектептен біздер кеткелі,  
Өмірдің өтті ондаған қысы, көктемі.  
Сіз жүрсіз әлі біліммен жасты суарып,  
Мыңдаған шәкірт алдыңнан өтті, көктеді.*



*Бәрі де мендей риза шығар өзіңе,  
Қадіріңізді білмегенменен кезінде.  
Қисықты түзеп, қалыпқа салып шыңдайтын,  
Ұстаздан артық мамандық бар ма өмірде?*

*Кездескен сайын әлі де ақыл аламын,  
Алдыңда Аға, мәңгілік шәкірт баламын.  
Қарызым менің өзіңе деген жетерлік,  
Өтеудің жолын қалайша ғана табамын?*





## *Шопандарға*

*Келдік біз «Жыраның» да ауылыңа.  
Күздің де еңбек еткен жауынында.  
Тілейміз мерекелік ұлы тілек,  
Табысты болыңдар деп шопандар қауымына!*

*Тілекпен жырды жырладым.  
Ештай менен Тұрдалым,  
Қандай ғана мақтаным,  
Жарыстан озып тұрғаның!*

*Айшықты сөзім құралды,  
Құрметпен Бегім, Нұранды.  
Оларды көрсем еске алам,  
Биікте ұшқан қыранды.*

*Қауқылдастық көңіліміз жарыла,  
Әділбек пен Аябекті сағына.  
Ақ тілегім, келер жылы аман боп,  
Кездесейік «Жырада» осы тағы да!*

---

*Ештай Ділмәнбетов, Тұрдалы Қанкөшекөв, Бегім Оралбаев,  
Нұрлыбек (Нұран) Бөртебаев, Әділбек Хайруллаев – шопан-  
дар,  
Аябек Әбдіраманов – мал дәрігері.*

*Бұл өлеңді ұсынған Сартай Хайроллаұлы.*



## **Малшылар тойында**

*Бүгін той, бүгін думан үлкен жиын,  
Бұл тойға дайындауда әркім сыйын.  
Сапа мен тиімділік ұранымыз,  
Сол үшін еңбек еткен біздің ұйым.*

*Жарыста озғанды ел мадақтаған,  
Шабандап артта қалса жаратпаған.  
Малшылар қауымының ұлы тойын,  
Күтеміз сағынышпен біздер әман.*

*Дейді елім:  
– Ұлы еңбекке болсаң жақын,  
Жарыста озғандарды жырла, ақын!  
Ешқашан жалықпаймын жырлаудан мен  
Майталман малшылардың атап атын.*

*Ал, енді көштің жәйін парақтайық.  
Тасқындап жатыр табыс қанат жайып.  
Жүзіне жүз қырықтан қозы алған соң,  
Көшімді бастап отыр Қанатшаев.*

*Әділбек – ауылымның Еңбек Ері,  
Әсте жоқ еш жарыстан қалған жері.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Жүз отыз төл өргізді жүз саулықтан,  
Күздегі жемісті боп маңдай тері.*

*Молайтқан терін төгіп ырыс, бағын,  
Бермеген жарыста өз намыстарын.  
Жылқыбай, Демеу менен Ұлболсынның  
Қалайша атамайын табыстарын?!*

*Жылқышы Садақбаев Әбенім бар,  
Ауданның озық шыққан талайынан.  
Жүз биенің тоқсаны құлын ертіп,  
Қара үзіп алға шықты маңайынан.*

*Өргізіп тәй-тәй басқан боталарын,  
Толтырған Қызылқұмның жоталарын.  
Түйекеш Кішкентаев Бақыт ағам,  
Жылма жыл алғыс пенен бата алатын.*

*Қуанып, қалайша жыр арнамайын,  
Тілек айтам, құттықтап елдің бәрін.  
«Жаңақала» жарыстың алдын бермей,  
Желбіреп Қызыл Туы тұрсын дәйім.*

---

*Рахымбек Қанатшаев, Әділбек Хайруллаев, Жылқыбай  
Балшынов, Демеу Жайықбаев, Ұлболсын Мейірманова –  
шопандар*



## ***Шопан***

**«Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері  
Шерепет МЫРЗАБАЕВҚА**

*Бір адам бар еңбекшіл бұл қауымда,  
Қарсы тұрған қайсарлықпен дауылға.  
Туған дала таза ауасын сіміріп,  
Жүреді ол қыр басында, жауында.*

*Ерте оянып ұйқыдан таң атқанда,  
Тынбайды ол жаз, күз, көктем, ақпанда.  
Күнұзаққа кең даланы серік қып,  
Үйге оралар күн қыға батқанда.*

*Терлеп-тепшіп шайға әбден қанады,  
Сосын қолға газет, журнал алады.  
Жаңалығын жер жаһанның түгендеп,  
Күллі әлеммен сырласқандай болады.*

*Отырады ойға шомып әрқилы,  
Көңіл шіркін әрлі-берлі толқиды.  
Маңдай тері моншақ болып төгілген,  
Шаңырағында шаттық болып шалқиды.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Еңбегін де құрметтейді Отаны,  
Қашан болсын мақтаныш қып жатады.  
Білімі де, білігі де айрықша,  
Міне, осындай қазіргінің шопаны.*





## *Сен де ақынсың...*

*Дәрігер*  
**Бекмағанбет БАДАНОВҚА**

*Еңбек етіп күні-түні тынбайсың,  
Үзілісте үйіңде әсте болмайсың.  
Кім ауырса қасында боп соның сен,  
Жүрек үнін аппаратпен тыңдайсың.*

*Әлсіздерді қолтығынан демейсің,  
Ауырганды жылы сөзбен жебейсің.  
Халқың үшін айтатын тек тілегің,  
«Адам өніп, өссін – дейсің – көбейсін».*

*Елді аралап зыр жүгіріп, тынбайсың.  
Денсаулығы сыр бергенді шыңдайсың.  
Сенде ақынсың о, дәрігер жігітім,  
Денсаулықтың сырын ғана жырлайсың.*





## *Інілеріме*

*Майлыбай мен Сайлауға*

*Бір емшектің сүтін татып өскенбіз,  
Қиыншылық, жоқшылықты көргенбіз.  
Анамыздың арқасында әйтеуір,  
Осы күнге аман-есен келгенбіз.*

*Ойынымыз, әзіліміз жарасып,  
Бір көрпеге қалатынбыз таласып.  
Ержеттік те, үйлі-жайлы болған соң,  
Кеттік біздер әр қиырға тарасып.*

*Осы шығар уақыттың жеңгені,  
Өткеніміз қайта айналып келмейді.  
Сағынышпен есіме алып отырам,  
Бірге жүрген сонау бала күндерді.*

*Көбі кетіп, азы қалды ғұмырдың,  
Өткеніме келеді әркез үңілгім.  
Бір-бір үйдің болдық енді иесі,  
Баласы боп жүрсек кеше бір үйдің.*

*Өз дегенін істейді екен өмір бұл,  
Әлденені аңсай берер көңілім.*

*Шынымды айтсам, бірімізді біріміз,  
Сағынбайтын секілдіміз... неге бұл?*

*Шақырмасақ, есік ашпай жүреміз,  
Жағдайды да сырттай сұрап білеміз.  
Бір туғанмен бірге жүрмек жоқ екен,  
Түсінгендей болдық соны мына біз.*

*Құдай берген екі бірдей інім бар,  
– Бақытымды, – деймін – содан ұғыңдар!  
Сағындыра бермей мені өздерің,  
Ақжайлауға келіп, кетіп тұрыңдар!*





## *Сүйген жарға*

*Рахимаш*  
**ОРАЗЫМБЕТҚЫЗЫНА**

*Өмірдің беріліп мұң-наласына,  
Жүргенде ем таппай жан жарасына,  
Өкпелетіп алса егер сені бір күн,  
Ақыныңды кешіре аласың ба?*

*Сезімі сыймай көңіл шарасына,  
Мінезі тартып байтақ даласына,  
Жеткенде алып-ұшып еркелікпен  
Балалығын қайтара аласың ба?*

*Қанатынан оқ тиіп, қара суға,  
Құлаған бір аққудай аласұра.  
Жетсе ақының сапардан жолы болмай,  
Анасындай әлпештей аласың ба?!*





## *Қуанамын*

*Нағимаға*

*Қуанам өзім бүгін толғаныма,  
Бала едім балаға әке болғаныма.  
Жар құшып, бала сүйіп ана алдында  
Жеткендей боламын өз арманыма.*

*Қуанам жас сәбиім өскеніне,  
Тұсауын тәй-тәй басып кескеніне.  
Елжіреп жас жүрегім құлақ түрер,  
Ән салып «жалғасыңмын» дескеніне.*





## **Балдызыма**

**Орыншаға**

*Құлақ тосып жігіттердің сөзіне,  
Түсетұғын болып қапсың көзіне.  
Бар мінезің аяқасты өзгеріп,  
Бойжеткен қыз сияқтысың өзіңе.*

*Жас кезіңде біздің жолды барлаушы ең,  
Баққа барсақ ізімізден қалмаушы ең.  
«Анама айтам» деп қорқытып әпкеңді,  
Сәл кейісе жалындырып алдаушы ең.*

*Сол күндерді айтам енді несіне,  
Неге маған көп қарайсың тесіле?  
«Күлме досқа, келер басқа» дегенді,  
Түсіріп сен тұр ма екенсің есіңе?*

*Уақыт-ай, түзететін кемісті,  
Сол уақыт пісіретін жемісті.  
Кеше – бала болсаң, бүгін – бойжеткен,  
Ертең күн кеңейтесің өрісті.*





## **Өсе бер!**

**Ақтай ӘДІЛБЕКҰЛЫНА**

*Дүниені жүрген кезіп базарлап,  
Өсе бер сен, Ақтай атты азамат!  
Мөлдір таза бұлағымен даланың,  
Көңіліңді, жүрегіңді тазалап.*

*Туған күнге бүгінгі,  
Ағаңның осы тілегі.  
Үлкейесің сен ертең,  
Алма ағаш болып мәуелі.*

*Мүшел жасқа жеткенің,  
«Құтты болсын!» деп келдім.  
Армандарың асқақ боп,  
Тәңірім соған жеткерсін!*

*Ата-ана көңілін даттама,  
Адалдықтан аттама.  
Өсе бер, Ақтай, қарағым,  
«Баталы ерге бақ қонар»,  
Дегенді еске сақта да!*



## *Абдоллаға*

*Ден қойып, құлақ салсаң кішкене сен.  
Шамалы ақыл-кеңес айтып өтсем.  
Бұрындау бес көйлекті тоздырғасын,  
Қақым бар бұған менің біле білсең.*

*Қадірің қатарыңа болар ма екен?  
Кеудеңді керіп көкке жүре берсең.  
Байлығын болашақтың жинағаның,  
Жақсыдан бір сабақ жіп іле білсең.*

*Сарайы көңіліңнің кеңейеді,  
Көлеңкенің өзінен күнді көрсең.  
Абырой, бедел, атақ табады іздеп,  
Халқыңа етіп еңбек, адал жүрсең.*

*Шеткерілеп қаласың көштен шығып,  
Достардан қашықтасаң қатар жүрген.  
Қызулыққа салыну – орға жығар,  
Ненің де ақырын құт, сабырменен.*

*Тұрады әрдайымда қалтаң толық,  
Көпке егер бөліссең барыңменен.  
Халқыңның адал ұлы бола алмайсың,  
Жасыңнан оған еңбек істемесең.*



*Білім алып қартайған соң оңа алмайсың,  
Дер шақта өзіңді-өзің күштемесең.  
Жеміске қол созбасаң құр қаларсың,  
«Ауызға өзің келіп тұс» дегенмен.  
Сондықтан басқа айтар ақылым жоқ,  
Білімнің суын қанып іш дегеннен.*





## ***Еңбекпен атаныңдар нағыз батыр***

*(Комсомолдық жолдамамен  
мал шаруашылығына аттанған  
№185 мектепті бітірушілеріне арнаймын)*

*Жүйріктер шаба жөнеп қыр асқанда,  
Уралап ел дауысы ұласқанда.  
Тұқыршып шабыт атым тұра алмай тұр,  
Бүгін күн талаптанып жыр аспанға.*

*Жүрсек те өмірді біз жолдас тұтып,  
Жолдасын жатыр өмір алмастырып.  
Бітпеген істеріңді жастар келіп,  
Барады одан әрі жалғастырып.*

*Биыл жыл айқындаушы көктемінде,  
Үн қосып шұбартаулық өктем үнге.  
Отыз жас тілек еткен мал бағуды,  
Ойласып ұстазымен мектебінде.*

*Жастардың бұл өмірде орны басқа,  
Жіберіп ойлап көрші ойды алысқа.  
Олардың қалған сірә бар ма жері,  
Партия үндесе егер қай жарысқа?!*



Әділбек Қызылқұмның ыстығында,  
Шынығып ұлы еңбекке пісті құмда.  
Кездесіп ақпанның ақ боранында,  
Өткізді қиындықпен қысты мұнда.

Жастық шақ өсетұғын ердің кезі,  
Өсірер ер жігітті еңбек тезі.  
Кешегі қиындықты көрген ағаң,  
Қазірде Еңбек Ері көрдің бе өзі?!

Сол үшін ұлы іске болып батыл,  
Еңбекпен атаныңдар нағыз батыр.  
Өйткені, жастарсыңдар жалындаған,  
Алдыңда алуан-алуан белес жатыр.

Байлығын игеріп сол өр халықтың,  
Еніңдер отауына мол бақыттың.  
Талабың сәтті болып әрдайым да,  
Иесі болыңыздар сый-жақұттың.





## *Ақын ағаларға*

*Тұсауым бар әлі де кесілмеген,  
Жыр теңі бар алдымда шешілмеген.  
Жазғанымның илеуі шикі шықса,  
Қараңыздар дер едім кешіріммен.*

*Жыр-додаға жанмын ғой төселмеген,  
Өлеңімнің жаңбыры аз нәсерлеген.  
Тұсауымды кесіңдер, жасы үлкендер,  
Үміт болса жас сәби өсер деген.*





## **Жас ұланға**

*Сүйсең туған далаңды,  
Сыйласаң туған анаңды.  
Ер жүрек батыл ұлы бол,  
Туған еліңнің табанды.*

*Егеменді ел болып,  
Өзгерттік мына заманды.  
Қырағы болып ұстай біл,  
Ниеті бұзық арамды.*

*Жолдас етпе өзіңе,  
Құлқынның құлы жаманды.  
Өсек сөзге үйір боп,  
Былғама әсте санаңды.*

*Берсе бұйрық командир,  
Жылдам бітір әр істі.  
Бұйрықты қошта құп деп тез,  
Сүймейді Отан шабанды.*

*«Военный» тәртіп жаратпайды,  
Құп деген сөзге сараңды.  
Орындарсың бұл сөзді,  
Сыйласаң біздей ағаңды.*

*Қош, ержүрек жас ұлан,  
Тапсырдық саған Отанды!  
«Аман барып, сау қайт!» деп  
Тілейміз саулық-аманды.*



## *Газетім, сен баулыдың...*

*Қармақшы аудандық  
«Коммунизм шамшырағы» газетіне*

*Елімнің еңбек еткен шамшырағын,  
Мадақтап жырға қосқан «Шамшырағым».  
Сен өзің шабытыма дем берген соң,  
Өлеңнің мен дүлділін қамшыладым.*

*Келгенде дүниенің айнасы боп,  
Ерлерді қоғамына пайдасы көп.  
Мадақтап жазып, кейде сынай білдің,  
Жалқау мен жебірлерді айласы көп.*

*Сен қарсы ұмтылдың тап жауларына,  
Зиянын тигізген ел аумағына.  
Сен елге таныстырдың комсомолды,  
Гүлдердей жайнап өскен бауларымда.*

*Үйреттің жастарымды батылдыққа,  
Отанын қорғай білер батырлыққа.  
Газетім, сен баулыдың мені-дағы,  
Ақылмен кеңес беріп ақындыққа.*



## *Уәдем осы газетім*

*«Коммунизм шамшырағы» газетінің  
50 жылдығына*

*Елу жыл бұрын өмірге келдің «Екпін» боп,  
Жанына елдің күн шуақ нұрын сепкің кеп.  
Сөйледің асқақ партия тілі атанып,  
Алдағы мақсат-мұраттарыңа жеткің кеп.*

*Еңбегін жыр ғып атақты стахановшылардың,  
Көгімде сосын «Қызыл Ту» болып қадалдың.  
Талай таланттың тұсауын өзің кескенсің,  
Өлеңімді алғаш өзіңде мен де шығардым.*

*Қанатын қомдап қаптаған талай арманның,  
Үзілген талай үміттің жібін жалғадың.  
Қармақшыдағы оқырман біткен көз тіккен,  
«Коммунизмнің шамшырағына» айналдың.*

*Сол үшін достар, шынайы лебіз арнаймын,  
Елімнің жайын жырменен талай толғаймын.  
Тұсауымды кескен өзіңсің, менің газетім,  
Ешқашан сенен арамды алшақ салмаймын.*



## *Отыз жеті жылдан соң...*

*Бекпан БОРАНБАЕВҚА*

*«СЕН ҚҰРМЕТТЕ ОНЫ...»  
Әбу СӘРСЕНБАЕВ.*

*Ұлы жорық соғыстан елге аман Бекең келген-ді,  
Соғыстан келген сәттерін бала көзім көрген-ді.  
Отыз жеті жыл өткенде Бекеңнің бір аяғы,  
Көп қорымның біріне кәдімгідей жерленді.*

*Хабары келіп соғыстың түскенде елге салмағы,  
Боранбаев Бекпан да қатарынан қалмады.  
«Отанымды қорғаудан бұғынып елде қалмаймын»,  
Аңыз болды соғысқа сұранып өзі барғаны.*

*– Ұлы Отан жолыңда болайын – деп – садаған,  
Аттанып еді майданға Қармақшы деген қаладан.  
Жеңістің туын Берлинге желбіретіп оралды,  
Кеудесінде жарқырап «Қызыл жұлдыз» қадаған.*

*Апармады бұл тағдыр қайда қазақ баласын,  
Тазартуға қатысты ол ұлы Киев қаласын.*

*Оралған соң ауылға, шешіп солдат шинелін,  
Білімге ол баулыды шәкірттердің санасын.*

*Соғыс салған жарақат ақыры бір күн сыр берді,  
Оң аяқтан тиген оқ жанды ауыртып жүрген-ді.  
Амалсыздан кестірді, кестірмеске болмады,  
Кесілген сол аяғын кәдімгідей жерледі.*

*Түсінгенім соғыстың иыққа түссе салмағы,  
Қаншама жылдар өткенмен  
таусылмайды екен сарсаңы.  
... Қос аяқпен Жеңісті қамтамасыз еткен жан,  
Жеңістің қырық жылдығын  
«үш аяқпен» қарсы алды.*





## *Тілек*

*Ақ әже, асыл Ана – тауым асқар,  
Жақсы аға, жақұт жеңге, қарындастар!  
Тойларың құтты болсын, көптен құткен,  
Қуаныш құтты болсын, жалын жастар!*

*Адамның алтын шағы – қайран жастық,  
Жастықта серуендедік, жайраңдастық.  
Садағаң кетейін сол дархан дәурен,  
Өркімді ішпей-жемей қойған мас қып.*

*Бұл күнгі балалардың маңдайы ашық,  
Жүрген жоқ ата-анасы жанды аясып.  
Жарасып бас қосқан соң екі бала,  
Табысты құдалар да құшақтасып.*

*Жиналған мынау тойға достар қандай!  
Тамаша шегі болмас басталғандай.  
Мұндайда жас отауға бақыт тілеп,  
Қалайша тұра аласың ақтарылмай.*

*Ал, енді қызық құмар тойшы халық,  
Ортаға өнерліні бер шығарып.  
Ән-жырдың ақ жамбысын аспанға атып,  
Құмардан той үстінде бір шығайық.*



*Сөз осы қаумалаған досқа лайық,  
Қалайша қуанышты қостамайық.  
Жастардың тойы бізге құтты болсын,  
Сол үшін қалыс қалмай тост алайық!*



# ӨРНЕКТЕРІ ӨМІРДІҢ





## ***Дәдікбайдың арығы***

*Мінсек те машинаға жаңа ғана,  
Қалды артта сәнді совхоз «Жаңақала».  
Ортамызда отырған ерекшелу,  
Ақсақал көз тастайды айналаға.*

*Келеді жіті шолып маңай бәрін,  
Алдынан өткізуде солай кәрің,  
Бір кезде қолын созып «Көшер» жаққа,  
Деп айтты:  
– Бұл жерде атқан талай таңым.*

*Бұл жерде бала болып асық атқам,  
Кешегі ащы өмірдің дәмін татқам.  
Жалшы боп төлеген бай есігінде,  
Қамы үшін қу тамақтың малын баққам.*

*Ол кезде алда не бар, байқады кім?  
Өмірге налып сөздер айтатынмын.  
Батуға таянғанда күн еңкейіп,  
Осынау қырдан төмен қайтатынмын.*

*Шайқалтып бай-манаптың дәулеттерін,  
Ұйысқа кәмпеске етіп сәулеттерін.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Қуантып келіп жетті жаңа заман,  
Елдегі біздей кедей әулеттерін.*

*Басталды содан былай екінші өмір,  
Ат мініп ел қатарлы өсіп көңіл».  
Дегенде сәл кідіріс тапқандай боп,  
Машина тоқтап еді жүрдек жеңіл.*

*Сөйтсек бұл жарманың бір өткелі екен,  
Су асып арнасынан кеткен екен.  
Сол үшін сәл кідіріп шопыр жігіт,  
Ағаш сап бар айласын еткен екен.*

*Бұл жайды ақсақал да көріп еді,  
Сәл үзіп әңгімесін бөліп еді.  
«Жарықтық Дәдікбайдың арығы» деп,  
Ескіден әлдебір сыр беріп еді.*

*Бұл сөзге елең етіп қалдым бірден,  
«Дәдікбай арық қазған кім болды екен?»  
Қарияға іркілместен сұрақ қойдым,  
«Ақсақал, анығырақ айтып берсең».*

*Деп едім, «Мұның қарғам дұрыс» деді.  
«Дәдікбай атаң жайлы біліс» деді.  
«Бүгінде көп айтыла бермегенмен,  
Кезінде атқарған ол ұлы іс» деді.*

*Содан соң әңгімесін бастап кетті.  
– Артель боп ұйымдастық жиып көпті.*

*Халықтың көпшілігі қолдаған соң,  
Таңдадық атау етіп «Түпбөгетті».*

*Болса да техника онда кеміс,  
Талпындық салмақ болып алғаш егіс.  
Сол кезде Дәдікбайдың бастауымен,  
Арықты қазған едік қолмен тегіс.*

*Аштықтан аман қалған халық едік,  
Бар күшті егістікке салып едік.  
Төккен тер, еткен еңбек текке кетпей,  
Арпасын, бидайын да алып едік.*

*Бүйірі елдің сонда шығып еді,  
Құдыретін нанның халық ұғып еді.  
Егінге, бау-бақшаға су жеткізген,  
Дәдікбай ақсақалдың арығы еді.*

*Түзеліп жағдайы елдің қалған еді,  
Шыңдарды бағындыру арман еді.  
Гитлер дейтін зұлым басқаратын,  
Біздерге соғыс ашты герман елі.*

*Сол жылы егін еккен «Қалыңбастан»,  
Байтұрсын, Тыныс және әкең Дастан.  
Олжабай, Шаймерден мен Шәйменәлі,  
Бұрындау кеткен еді басқа жастан.*

*Алтыншаш басшы болып бір қауымға,  
Қарт, жесір, жас балалар қалды ауылда.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Дәдікбай Ақмырзаұлы мұрап болып,  
Сол кезде еңбек етті бұл ауылға.*

*Асса да жетпіс жастан өр тұлғалы,  
Ер Дәкең үйде жатып тұра алмады.  
«Дөң жарма», «Бала жарма», «Сайарықты»  
Омақа үйіп көпке қаздырған-ды.*

*Еңбекке балалар да болып жегін,  
Тамақтың табылмасын біліп тегін.  
Мал бағып, оқу оқып, білім алып,  
Бес жылдай жинап жүрді егін егін.*

*Колхоздың тракторын айдап Жаңыл,  
Күні-түн еңбек етті көрмей дамыл.  
1945-тің мамырында,  
Тілегі көпшіліктің болды қабыл.*

*Жеңдік деп Гитлерді ел ұрандасып,  
Жеңіс күн жетті елге тұманды ашып.  
Жарымжан оралса да жауынгерлер,  
Соған да шынымен ел қуанды анық.*

*Аттарына дақ түсірмей атаның,  
Әруақтарын елі ұмытпай жататын,  
Шәйменәлі, Дастан, Тыныс, Байтұрсындар,  
Өтті өмірден қорғаймыз деп Отанын.*

*Бірлік туын жықпай ерлер ерледі,  
Жауын соның арқасында жерледі.*

*«Түпбөгеттен» аттанғанның соғысқа,  
Әрбір жүздің сексен жаны келмеді.*

*Елестетіп көз алдына өткенін,  
Елдегілер тылда еңбек еткенін.  
Шегебаев соғыстан кеп ауылға,  
Қолына алды күрішші боп кетпенін.*

*Қиындықтан Шәймерден ер қашпады,  
Күріштікке «шабуылын» бастады.  
Жақаевтың рекордын жаңалап,  
Жарысқанды озып артқа тастады.*

*Көркейтем деп табыспенен елімді,  
Еңбек етті тасқындатып өнімді.  
Облысқа депутат боп сайланды,  
Ел атынан мандат алып сенімді.*

*Әрлендіріп еңбекпен жарқын шақты.  
Табысты жылдан жылға қарқындатты.  
Су алып Сәлима қыз сол арықтан,  
Еңбекте озып шығып, жүлдыз тақты.*

*Қарт мұраптың еңбектері ақталды.  
Ұлағатты ісі есте сақталды.  
Күріш егіп жалғыз ұлы Файзулла  
Кеудесіне орден-медаль таққан-ды.*

*Дәдікбай қарт арық қазған өңір де,  
Танымастай өзгерді ғой бүгінде.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Ұрпақтары өсіп-өніп келеді,  
Адалынан қызмет қып еліне!»*

*Осылайша қартың шерті әңгіме.  
Мағыналы әрі өте мәнді де.  
Арық қазып, елге мурап атанған  
Дәдікбайдың аты қалды мәңгіге.*

*Ей, жас ұрпақ, кеңге салған өрісін.  
Бұл сөзімді арнап едім сен үшін!  
Есімдерің ұмытылмас осылай,  
Егер еңбек жасасаңдар ел үшін!*

- 
1. Олжабай Жүргенұлы
  2. Тыныс Жарболсынұлы
  3. Байтұрсын Қуандықұлы
  - 4 Шаймәнәлі Шегебайұлы
  5. Жаңыл – соғыс тұсында трактор айдаған
  6. Алтыншаш Жарбосынқызы – соғыс тұсында колхоздың бастығы болған
  7. Шәймерден Шегебаев – атақты күрішші, Ленин орденінің иегері.
  8. Сәлима Жұмабекова – атақты күрішші, Социалистік Еңбек Ері.
  9. Файзулла Дәдікбаев – күрішші, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері
  10. «Жаңақала», «Түпбөгет», «Қалыңбас», «Көшер», «Дөң жарма», «Бала жарма», «Сайарық» – жер-су атаулары



## **Үш құрдас, үш озат**

*Жүйріктер шаба жөнер қыр асқанға,  
«Уралап» ел дауысы ұласқанда.  
Тұра ма тер шығармай тұлпар – шабыт,  
Талпынбай найзағайлы жыр – аспанға?!*

*Мың тоғыз жүз елу тоғыз көктемінде,  
Қосылып мал өсірген көппен бірге.  
Әділбек, Сайлау, Демеу бірге аттанды,  
Шопан боп туған жердің бөктеріне.*

*Жастары жиырмада еді жалындаған,  
Асу жоқ содан бері алынбаған.  
Қиындық кездесе де небір түрлі,  
Ешкімнен көмек сұрап жалынбаған.*

*Құп көріп шақыруын партияның,  
Еңбек, – деп – ердің атын шығаратын.  
Қызылдың қиясына аттанды олар,  
Болған соң атакәсіп жанға жақын.*

*Комсомол жолдамасы қолдарында,  
Үмітін ақтау елдің – ойларында.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Хайролла, Жанбай менен Жайықбайдың,  
Көз тігіп жүрді халық ұлдарына.*

*Еңбекке аянбастан төгіп терін,  
Жоспарлы межелеген беріп төлін.  
Жасында жиырма жеті топты жарып,  
Еңбектің Ері атанды Әділбегім.*

*Қалауы болғаннан соң жүрегінің,  
Шаруаның жайын күйттеп жүретін кіл.  
Сайлаудың да еңбегі бағаланып,  
Төсіне тақты орденін Лениннің.*

*Дүбірлі еңбек етіп қыр төсінде,  
Бөленген ортасының құрметіне.  
Демеудің де бәйгеден аты келіп,  
Ие болды «Құрмет белгісіне!»*

*Бір мектеп, бір кластың түлектері,  
Бірге еді арман жолы, тілектері.  
Үшеуі үш ферманың шопаны боп,  
Табысты жылдан жылға үдеткен-ді.*

*Кеше – жас, бүгін бұлар бас болып жүр,  
Өнеге тұтып елдің жастары жүр.  
Өздеріндей еңбекқор шопандармен,  
Толтырған екен олар маңайын кіл.*

*Аттарын атап кетсем кейбірінің,  
Балшынов Жылқыбайды білмейді кім?  
Жаңабай Сандыбаев аудандағы,  
Құрмет тақтасына ілініп тұр.*

*Шерепет Мырзабаев топтан озған,  
Ол-дағы кеудесіне орден таққан.  
Өзбекбай, Қартаңбай мен Қаракөл, Нәжім,  
Ауылдан ат оздырып болған мақтан.*

*Атақты бір шопаным Қашқынбайым,  
Табысы жылдан жылға тасқындайтын.  
Еңбекте үздік шығып медаль алды,  
Қуантып көңілі жақын достың бәрін.*

*Озаттың айтсам бәрін таусыла ма?  
Қуанышбике керемет қой, тамаша ана.  
Отбасының келтіріп ұйтқысын,  
Шопанның алды және болған жоқ па?*

*Бірімен бірі жылда жарысатын,  
Табыстың биігінде табысатын.  
Шопандардың салттары болатұғын,  
Ортаға Үндеу тастап отыратын.*

*Дәстүрді биыл Сайлау қолға алыпты,  
Қырандай қағып қанат қомданыпты.  
Бесжылдықты төрт жылда бітіруге,  
Бастамасын көтеріп жар салыпты.*

*Сайлаудың мұндай хаты серпін берді,  
Бәрін де оқығанның желпіндірді.  
Жоспарын қайта қарап шопан біткен,  
– Орындау бұл мақсатты мүмкін – деді.*

*Әділбек, Демеу дереу қолдай кетті,  
«Біргеміз сеніменен, Сайлау!» депті.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Жарыстың көшін алға сүйремекке,  
Жиында сертін беріп, сендірді елді.*

*Қос бірдей құрдастары қолдағасын,  
Қанатын Сайлау неге қомдамасын?!  
– Сендердің сенімдерің айрықша, – деп,  
Достарға айтты рахмет, қолдау үшін.*

*Бұрыннан табысына болған қанық,  
Жұлдегер-жолдастардың сөздері анық.  
Үшеуін тыңдаған соң жиналыста,  
– Сенеміз өздеріңе – деді халық.*

*Көктемнің нұрын төгіп дала таңы,  
Санайтын келді уақыт балапанды.  
Берілген уәденің үдесінен,  
Шығатын шопандардың бар сыңайы.*

*Мал деген егіздетіп төлдеп жатыр,  
Жинауға кейде мұрша келмей жатыр.  
Жарыстың социалистік кестесінде,  
Үшеуі көштің басын бермей жатыр.*

*Оңынан оңғарылып ойдағымыз,  
Мыңғырған малға толсын жайлауымыз!  
Бәйгенің алдын бермей жүре берсін,  
Әділбек, Демеу менен Сайлауымыз!*

---

\*Әділбек Хайруллаев – шопан, Социалистік Еңбек Ері.

\*\*Сайлау Жанбаев – шопан, Ленин орденінің иегері.

\*\*\* Демеу Жайықбаев – шопан, «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері.  
Өзбекбай Нұртаев, Қартаңбай Тоқсанбаев, Қаракөл Алтаров, Нәжім  
Бименов, Қашқынбай Есембердиев, Қуанышбике Сүйінтаева – «Жаңа-  
қала» ауылының шопандары.



## **Құрдасқа хат**

*Қиялым:*

*– Дер шағыңда жырыңды жаз,  
Қой бағып жүргеніңе болмай сен мәз.  
Деген соң ой тоқтатып осы сөзге,  
Құрдасқа сәлем жолдап отырмын аз.*

*«Құрдастың жандары – дос, ауызы – қас»,  
Деген бар бұрынғыдан болма оған пәс.  
Құрдасың тіл үстіне салса атыңды,  
Сен оған қуан-дағы жоғары тас.*

*Тамабай, Кәдірбек пен Жылқыбайлар,  
Әм Спан баршамыз сол едік құрдас.  
Бірге оқып интернатта бірге жаттық,  
Бар болса бөліп жедік нан менен ас.*

*Осындай татулықпен балалықты,  
Өткізіп жүрген еді бұл жұмыр бас.  
Көз қырын салатұғын қызғалдаққа,  
Бір күні келіп жетті жігіттік жас.  
Ол кезде гүл көрінсе көзге түсер,  
Деуші едік «осыған бар, тез аралас».*

## ҚАРАТӨБЕ

*Ол-дағы татулықтың белгісі екен,  
Болғанмен нәпсі бөлек, жас шамалас.*

*Үйленіп Спан менен Жылқыбайлар,  
Солармен болып қалдым мен қаралас.  
Сен кеттің қала жаққа білім іздеп,  
Біз қалдық отбасында болып «дімкәс».*

*Өткізіп ол күндерді өзің бастан,  
Озық боп оралып ең біздей жастан.  
Оныға шын қуанып қалған едік,  
«Тиер деп жаттан емес, көмек достан».*

*Өзің де кездескенде айтқан едің,  
– Мехнаттан боларсың – деп – енді бостан.  
Айтылған сол сөзіңді орынды етіп,  
Жерің жоқ аз да болса үлес қосқан.  
Соныңа сәл ренжіп бұл құрдасың,  
Былайша мысалдатып сырын ашқан.*

*...Ертеде халықтық бек бопты патша,  
Тақ үстін мекен еткен мініп атша.  
Әрине, бас уәзірі болған оның,  
Бұйрығын жазатұғын мәрлеп хатша.  
Және де би болыпты шеше-тұғын,  
Бір жағдай халық ішінде болып жатса.*

*Әрқашан әдеті ғой көпшіліктің,  
Жігітті сынайтұғын мінсе атқа.  
Мұны да халық сынап «әділ би» деп,  
Есімін деп атапты оның «Датқа».*

*Датқа би жасы жетіп қартайыпты,  
Орыны болуменен құрмет тақта.  
Содан соң бір жас жігіт сайланыпты,  
Қосылып халық басқарар үлкен топқа.*

*Бұл жігіт Датқа бидей бола алмапты,  
Әділ боп өзгелерден оза алмапты.  
Өзіне құр атақты мансап көріп,  
Ізет қып үлкендерден қол алмапты.*

*Болған соң сөзі – сұйық, ісі – шала,  
Халықтың көңілінен шыға алмапты.  
Даң болып басындағы бағы тайып,  
Жас жігіт не қыларын біле алмапты.*

*– Ардақты қария ғой – деп – ақылы мол,  
Амал жоқ қарт Датқаға барыпты ол.  
Қадірі ел-жұртына қалмағанын,  
Ортаға әңгіме етіп жайыпты ол:*

*– Абызым, алдыңызға келіп тұрмын,  
Көрсетші қараңғыдан жарыққа жол.  
Жігіттің мына сөзін естігенде,  
Датқа би ақыл сөзін айтыпты мол.*

*– Ол рас заманымда Датқа болдым.  
Туысым емес, тіпті жатқа болдым.  
Сен мына қазақ жайын айтып тұрсың,  
Мен сонау қара мойын сартқа болдым.*

*Адалдық, әділдіктен аттамаған,  
Қара қылды қақ жарған жақтан болдым.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Билігім бұқараға жаққаннан соң,  
Ел аузынан түспейтін мақтан болдым.*

*Дүние керуен ғой алға тартқан,  
Жас келіп биліктен бас тартқан едім.  
Осындай бастан заман өтіп кетіп,  
Күркілдеп үйімде енді жатқан едім.  
Өз қадіріңді кетірген өзің болсаң,  
Мен саған қандай ақыл айтпақ едім?*

*– Дегті де Датқа абыз қалыпты үнсіз,  
Халыққа қызметі болған мінсіз.  
Өткенге өкінгенмен пайда бар ма,  
Безбенге салыңыз да мұны ұғыңыз.  
Орынын олқылықтың толтырарсың,  
Дәуірлеп тұрған кезде құзырыңыз.*

*«Бақ құсы ұшпалы» деп айтады халық,  
Білесіз біз айтпай-ақ мұны өзіңіз.  
«Қарымы аштағы астың тоқта қайтады»,  
Дейтұғын халық сөзіне жүгінізіз.*

*Мен бүгін саған ділгәр, ал, ертеңгі  
Кім білсін қандай болмақ өміріңіз?!  
Баяғы бала күңгі балдай тәтті,  
Боп өтсін қалған жерде ғұмырымыз.*

*Барлығын елеп-екшеп түсінерсің,  
Кем емес ешкімнен де ұғымыңыз,  
Көңілдің жүдеулігін ұғу үшін,  
Сөзімнің астарына үңіліңіз!*



## ***Бір торғайды көргенде***

*Бір төмен, бір жоғары ұшып торғай,  
Шырылдап жан ұшырды жерге қонбай.  
Қасына жетіп бардым білмек болып,  
Тап болып қалды екен деп халге қандай?*

*Ұя тұр сексеуілдің бұтағында,  
Балапан аузын ашады жатағында.  
Бір жылан өрмелейді соған қарай,  
Дегендей «балапанды жұтамын ба?»*

*Қалайша мен шыдармын көріп тұрып,  
Бір бұтақ сексеуілден алдым жұлып.  
Сонымен жыланды ұрып өлтіргенде,  
Жүргенін қойды торғай ұшып-қонып.*

*Ұяда торғай отыр маған қарап,  
Мен тұрмын бейшараны іштей аяп.  
Аналық жүрегімен баласы үшін,  
Болыпты өз өмірін етпек талақ.*

*Осы бір көріністі жыр еткенім,  
Торғайды баршаңызға ұлгі еткенім.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Адам ба, аң ба, мейлі құс бола ма,  
Бәрі бірдей аналық жүректердің.*

*Осыны естеріңде ұстағайсың,  
Ананың ақ көңілі - аппақ айдын.  
Ұлағат ұрпағыңа бермек болсаң,  
Айдыңға адалдықты сақтағайсың.*

*Байқасаң, бала үшін ана қандай!  
Аямас ақ жүрегін алақандай.  
Тілегім гүл өсірген аналардың,  
Өмірден өтсін көңілі жараланбай.*





## **«Күз түспей бір жеңілдік боп қала ма?»**

*Алпысбай АҚҚАЛЫҚОВҚА*

*Ей, інім, көп күн өтті жатқаныңа,  
Есеппен қара нанды татқаныңа.  
Өткен күн әкелер деп күтіп едім,  
Қызылорда облыстық сот жағына.*

*Одан да жабырқаулы қайтты көңілім,  
Өзіңді іздегенмен таппады да.  
«Бұл қандай іс болды?» деп ойда жүрмін,  
Адалдық арамдыққа батқаны ма?*

*Шыдамай мың өртеніп, мың жанамын,  
Қараның аққа күйе жаққанына.  
«Бұл істің ақ-қарасын ашыңдар» деп,  
Талапты қойып жүрмін жақты мына.*

*Көп күнгі есіл еңбек текке кетпей,  
Қуандым мықты адвокат тапқаныма.  
Қайтадан шағым хатын түсірмекші ол,  
Сүйеніп әділ заңның баптарына.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Отырмын үміттеніп сол кісіге,  
Кірісіп іске шындап жатқанына.  
Ойымыз жатсақ-тұрсақ бір ғана арман:-  
«Күз түспей бір жеңілдік боп қала ма?»*

*Қарт анаң үйде отыр есен-аман,  
Саусағын бүгіп таңның атқанына.  
Қалабай сайрандап жүр жазирада,  
Өзінше мәз боп, досын сатқанына.*

*Мен-дағы сен кеткелі осындамын,  
Сен келсең кетем Қызыл шатқалына.  
Қой жаным, амандықпен қауышалық,  
Аман-сау, үйге күліп қайтқаныңда.*





## *Дәуітке*

*Сәлем жазам қалам ап,  
Қиялдың құсын ұшырып.  
Ой тоқтатар жастасың,  
Сөз мәнісін түсініп.*

\*\*\*

*Самырза би арғы атам,  
Тоқтатқан сөзге халықты.  
Пәленің екі көзі жоқ,  
Сипалап сені тауыпты.*

*Сансызбаев тергеушің,  
Жаланың бәрін жауыпты.  
«Жауаптан қашқан қашқын» деп,  
Қылмыскер көріп қауіпті.*

*Екі жарым ай бойы,  
Түзеу ұйге салыпты.  
Ыстанбеков Елнұр да  
Шығарамын деп бес күнде,  
Қалтаны қағып алыпты.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Ақ сүтін берген қарт анаң,  
Бір көруге зарықты.  
Жолға жұмсап тапқанын,  
Жолдасың пұлдан тарықты.*

*Келер деп күнде жол қарап,  
Балалар көзі талыпты.  
Есітіп осы хабарды,  
Елден келдім білмекке,  
Қағаздан оқып анықты.*

*Тергеуге берген жауабың,  
Көңілімді біраз налытты.  
«Арақ ішіп едім» деп,  
Қараңғы түнек етіпсің,  
Жарқырап тұрған жарықты.*

*Қол қойғасын қағазға,  
Пәленің бәрі Құдай-ай,  
Саған қарай ауыпты.  
«Қылмыскер» деп сондықтан,  
202-бабының,  
Қос тармағын тағыпты.*

*Оқыған соң соларды,  
Ақтаушыны жаңартып,  
Өзгерттік біз де бағытты.  
Заң маманы – Қожекең,  
Жілікше бәрін шағыпты.*

*Зәбірленген қос өзбек,  
Кешірім сұрап қазыдан,*

*Тілектерін ағытты.  
Туа біткен тура би,  
Орынбаев Шер-ағаң,  
Әділдігін танытты.*

*Бостандық беріп басыңа,  
Мойныңнан алмақ қамытты.  
Басы бос, дені сау адам  
Бұл өмірде бақытты!*

*Қадірін анық ұғындың,  
Өткізіп біраз уақытты.  
Шаруаның беті оңалды,  
Көпке бармай көрерсің,  
Қапастан шығып жарықты.  
«Көңіліңе демеу болсын!» деп  
Байділда мұны жазыпты.*





## *Елімен табысса екен құлынымыз*

*Қарағым айналайын, қалқам келін,  
Отбасың сәламат па, сау ма денің?  
Хат жаздым өз атыңа ақ қағазбен,  
Есітіп жағдайыңды біліп сенің.*

*Өзің де хабардар боп жатырсың-ау,  
Соңымнан ерген бауыр жеткіншегім,  
Ақырдың сапарына кетті аттанып,  
Жинаған тастап тірлік, туған елін.*

*Өзіме соңғы рет кездескенде.  
Айтқан-тын көп әңгіме артып сенім.  
Мен соны енді саған баяндайын,  
Тарқатып сәлем жолдап көңіл шерін.  
Сондағы айтқан сөзі мынау еді:  
«Артымда қалды деген бір жас құлын».*

*– Есімі – деген еді – оның Бақыт,  
Келешек болар елге өссе жақұт.  
Мен үшін келініңе барып аға,  
Бақытты – деген еді – алшы тауып.*

*Өзім де ойлап жүр ем барамын деп,  
Ұлымды қолыма бір аламын деп.  
Ол ойым орындалмас арман болды,  
Бет алдым қайтпас жолға хабары жоқ.*

*Жүрсеңіз бұл өмірде сау-саламат,  
Анасы мен Бақытым сізге аманат».  
Дегені сол інімнің маза бермей,  
Осымен екінші рет жолдаймын хат.*

*Келінжан, жауап сенен күтемін ғой,  
«Тыңдар» деп сөзімді үміт етемін ғой.  
Бір қауым елдің көңілін қалдырмассың,  
«Иә» десең сол сағатта жетемін ғой.*

*Перзент деген жанымыз, жұлынымыз,  
Бізге де оңай емес, түсініңіз.  
Хабары жоқ жұртынан жырақтағы,  
Елімен табысса екен құлынымыз?*





## ***Көңілқос***

*Тура келсе ажал оқ,  
Пендеде амал қалмаған.  
Көшіпті әкең дүниеден,  
Өмірден орнын қозғаған.*

*Көрдім сенің халыңды,  
Ботадай жаны боздаған.  
Әке ардақты балаға,  
Бітеліп орны толмаған.*

*Аруақтарың – қамқоршың,  
Өсірген гүлі солмаған.  
Теңеуі жоқ бағалы,  
Көңілде мәңгі орнаған.*

*Кеткен қайтып келмейді,  
Күтіңіз рақым Алладан.  
Өмірін беріп адамға,  
Табиғат өзі шыңдаған.*

*Адам Ата, Хауа Анадан,  
Жылжыды жылдар мыңдаған.  
Талайға салып ауыр жүк,  
Артқан нардай қомдаған.*



*Қайғының күші – сабырлық,  
Мұқалып жүдеп, сынбаған.  
Жан ашитын туыстың,  
Аталы сөзін тыңдаған.*

*«Ақырын берсін қарттың», – деп  
Қозғаған тілек тұлғадан.  
– Жасын бер, – деп – балаға,  
Жүйелі сөзін толғаған.*

*Солардың сөзі азбайды,  
Аққандай бұлақ жылғадан.  
Өлімнің рас кімге де,  
Орны дайын арнаған.*

*Шегіне түсіп шектелсек,  
Қалмас ешкім бармаған.  
Талай қыршын жас кетіп,  
Ата-анасы сорлаған.*

*Ата-анасын құсалық,  
Өзегін өртеп зарлаған.  
Өлім шіркін, сонда да,  
Мейірмен мойын бұрмаған.*

*Шүкірлік ет қарағым,  
Тұқым бар Алма, Құрмадан.  
Аямайды қасірет,  
Қолына түссе шырмаған.*

*Табиғаттың заңы бұл  
Өз жолынан танбаған.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Ажал деген аңдушы,  
Дүниенің жүзін шарлаған.*

*Кездесерін қай тұстан.  
Ешкім жоқ біліп болжаған.  
Жасаса да ғасыр жас,  
Шал ұйқыдай қанбаған.  
Тойым болмас өмірге,  
Жарықты көңіл қимаған.*

*Адамзатта арман көп,  
Айырылған бұлбұл, жоргадан.  
Өркімнің күні өлшеулі,  
Қалмас суық ұрмаған.*

*Тіктеп келсе кезегі,  
Құтқармайды бір қадам.  
Ұрпағы қалса артында,  
Сүйріктей өсіп аңдаған.*

*Сол адамда арман жоқ,  
Өмірі оның гұлбадам.  
Көзбенен көрген денсаулық,  
Ой салып мені қинаған.*

*Орда бұзар отыз жас,  
Ән менен биді тыймаған.  
Алланың бұл бір сынағы,  
Аяқтан алып қинаған.*

*Сынық бітсе сәтті боп,  
Кем болмас-ау құймадан.*

«Сабырдың түбі сары алтын»,  
Дегенді Алла сыйлаған.  
Науқасыңнан тез тұрып,  
Иесі бол мүлкіңнің,  
Еңбектеніп жинаған.

Әкенің арты той болып,  
Болгайсың сенде сыйлы адам.  
Барлық іске сабыр ет,  
Ақырын тілеп Алладан.

Кіші жүз Кете Байділда,  
Ағаң едім сыйлаған.  
Көңіліңмен қабылда,  
Көңілқосымды жолдаған.





## ***Өкіл мен шопан***

***Өкіл:***

*Жағдайды басшы келіп көріп жүр ме?  
Ортаға кино, концерт келіп жүр ме?  
«Қыстың көзі қырауда тоңбасын» деп,  
Совхозыңыз жылы тон беріп жүр ме?*

***Шопан:***

*Завфермамыз үйге күнде қонып тұр,  
Кино деген жылына бір болып тұр.  
Фуфайканы үш жылда бір аламыз,  
Тон жоқтықтан малшы аязда тоңып тұр.*

***Өкіл:***

*Қысқа қалай, қорада шөп жете ме?  
Автолавка жиі аралап кете ме?  
Ауырмайтын, сырқамайтын адам жоқ,  
Фермаңызда фельдшер еңбек ете ме?*

***Шопан:***

*Қазір жатыр қораға шөп тасылып,  
Затсыз дүкен ортада жүр ашылып.  
Ал, дәрігер ортамызда жоқ біздің,  
Күндік жерден келіп, кетер асығып.*



\*\*\*

*Мұндай істер әлі бізде баршылық.  
Қашан мұнан тазарамыз аршылып?  
Шопандарға жасалса екен бар жағдай,  
Дала ерлері ештеңеден көрмесінші таршылық.*





## ***Қу бастық, аңқау дәрігер***

*Қасқырдың туған күйеуі,  
Жолбарыстың жиені,  
Бастық келді фермаға,  
Түгімен жұтар түйені.*

*Аты оның түлкі еді,  
Жүрген жері күлкі еді.  
Оңашада бір күні,  
Қарғаны жаймен тұртеді.*

*– Айт, – дейді – енді сырыңды,  
Қалдырмай барлық шыныңды.  
Сені алып едім маман ғып,  
Басқадан көріп ұғымды.*

*Осы айда нешеу шығының,  
Дөкейге нешеу тығының.  
«Он бес бас» десе дәрігер,  
– Көбейткін, – дейді – шыбыным*

*Айтып қасқыр атасын,  
Алу үшін батасын.  
Қостырады он бас қой,  
Бір інгеннің ботасын.*



*«Қалмасын ұмыт жолбарыс,  
Баруға оған жол да алыс.  
Жөкеңе шығар жылқыдан,  
Апарар табам бір таныс.*

*Құлақ қойсаң сөзіме,  
Он бас қой шығар өзіме.  
Үйге қонақ көп келеді,  
Белгілі ғой өзіңе.*

*Қағаз бен қалам қолыңда,  
Өзіңе шығар онын да.  
Ауыз бір болса болғаны,  
Жаным құрбан жолыңда.*

*Отчеттан бір-ақ, қаласың,  
Малшыға қалай барасың.  
Сыртынан қол қоя сал,  
Жаба алмас бізге жаласын».*

*Дегенге қарға көнеді.  
Қол қойып акті береді.  
Өйткені тамыр – таныс көп,  
Осыған бұлар сенеді.*

*«Есебін түлкі берді деп,  
Қалайша көп мал өлді» деп,  
Тексермекке ферманы,  
Комиссия келді кеп.*

*Анықтау үшін ақпарды,  
Құжаттың бәрін ақтарды.*

## ҚАРАТӨБЕ

*Қойылған қол түрлі екен,  
Малшыға енді аттанды.*

*Малын баққан Отанның,  
Үйіне барса шопанның,  
– Барлық басы аман – дейді  
– Алдымдағы отардың.*

*Өлген бие-түйені,  
Анықтауға рет тиеді.  
Жоқ болып шықты оның да,  
Шабылған қаңқа сүйегі.*



*Қауым малшы енді ойлан,  
Актіге кім қол қойған?  
Десе комиссиялар,  
– Тексерілсін, – дейді – қол қойған.*

*Комиссия шешеді,  
«Қол қойған қарға» деседі.  
Өндірмек болды ақыры,  
Көбейтіп малды еселі.*

*Бастықтың аты түлкі еді,  
Атасын жаймен түртеді.  
«Құтылды күйеу балаң» деп,  
Қу шөппен аузын сүртеді.*

*Қорғансыз қалған қарғаны,  
Темір торға қамады.  
Өмірде не жоқ дейсіңдер,  
Осындайлар да болады.*





# АЙТЫС АЛАҢЫ





**«Жаңақала» совхозы  
№ 1 фермасының ақыны  
Байділда ДАСТАНОВ пен  
№ 4 фермасының ақыны  
Кәжденбек ЖҮСІПОВТІҢ  
БІРІНШІ АЙТЫСЫ**

**Байділда ДАСТАНОВ:**

– Ақпармен көп болған жоқ танысқалы,  
Ақынның жақсы жағдай танысқаны.  
Жетістік, кемшілікті қоса айтып,  
Отырмыз аздап пікір алысқалы.

Фермаңда кері тартар жалқау бар ма?  
Болмаса озған кімдер жарыстағы?  
Қоғамдық түрлі-түрлі жұмыстарда,  
Кімнің бар көзге түсер табыстары?

Ал, аға, анығын айт қалдырмастан,  
Қаншадан төл алудың барыстары?  
Көктемде шығын болса аналық қой,  
Тірі төл орын баспау намыс-тағы.  
Деп інің қолын қойып ақ қағазға,  
Мекені «Үш ағаштан» дабыстады.

**Кәжденбек ЖҮСІПОВ:**

– Ақпармен көп болмаса танысқаның,  
Таныс та қаламыңды тағы ұштағын.  
Сапа мен тиімділік бесжылдықта,  
Дұрыс сол, достық пікір алысқаның.

Кемшілік көзге түртсе білеуленіп,  
Жүреміз жөндейтіндей біреу келіп.  
Кезінде көші-қоңнан көп шығын боп,  
Жағдайы Сәкеңнің\* де жүдеу дедік.

Коллектив міндет алса қаншалықты,  
Ол міндет орындалмақ соншалықты.  
Партия съезінің шешімдері,  
Туғызды іске деген мол шабытты.

Адамды керіжалқау қоғамға жат,  
Сұрапсың таң қаламын соған ғажап.  
Ондайлар өзін өзі түсінбесе,  
Ол атау саған да азап, маған да азап.

Барысын төл алудың сөз еткенде,  
Дейтіндей дәмең бар-ау кезек менде.  
Жүзіңе-жүз жиырмадан айналып тұр,  
Жағдайды әділ сына кезек көр де.

Орнына саулық өлсе төлмен жауып,  
Алдыңдар ондай нұсқау қайдан тауып?  
Одан да өлімді тый, өнімді құй,  
Хат жолдап қуанғанша жайдақ шауып.



Белгілі бас шопаным Қанатшаев,  
Келеді кеңге сілтеп қанат жайып.  
Жүзіне жүз алпыстан келтіріп тұр,  
Өзендей тасып, жарып барад шайып.

Жұмысқа жұмылып жұрт тағат таппай,  
Тиісті демалмаймыз сағат соқпай.  
Қарбалас қызған жұмыс пункттегі,  
Көңілді көтереді Абат, Бақтай.

Әбсадық, Өтен, Әбен, Базарымбек,  
Бұларға болса уақыт жазарым көп.  
Шығынсыз қатал қыстан аман өтті,  
Төлден де төпеп жатыр озамын деп.

Бексұлтан, Аймұрат пен Бектібай да,  
Біреді бас шығыны бар осы айда.  
Қауыпты қысқы қарсы шара жасап,  
Қысылмай жетіп отыр енді майға.

Молдабек, Шамшат, Тоқташ, Хайрулланың,  
Білесің сен де сырын қайырманың.  
Бұлар да басқалардан қала алмайды,  
Шығады сенімінен Байділданың.

### **Байділда ДАСТАНОВ:**

– Кетті ғой айтыс басталып,  
Жауабыңды жаз, Дастанов.  
Танысып болсаң ағаңнан,  
Келіп жеткен хатты алып.

## ҚАРАТӨБЕ

Кемшілік көрсең бетіне айт,  
Қалма, іркіліп жасқанып.  
«Жүзден жиырмам артық» деп,  
Отырған екен мақтанып.

Сан менен бірге сапаға,  
Жатырмыз біздер атсалып.  
Қалғаны, аға, рас па,  
Шығын малдың есебі,  
Жасырынғаны сақталып?

Жүргендер көп дейді «Тұрғанда»,  
Бөтелкесін жастанып.  
Рахымжаның мысалы,  
Көрінгенге тиіскен,  
Арақ ішіп, мас болып.

Уәдесі Төкеңнің,  
Бос сөз болып жүрмей ме,  
Көкейде қалған жатталып.  
Төл алар жылда жайлауға,  
Мезгілінде неліктен,  
Бармадыңдар аттанып?

Соның, аға әсері,  
Тар бөлмеге тасыдың,  
Сыртағы тұзды қапты алып.  
Дайындаған мәйегің,  
Көрінбейді ақбарда,  
Тұр ма ол нольге шақталып?

Көрсетпей егіз бір басқа,  
Бекенің менен Тоқташың,  
Деп жүр ме алға баспалық.  
Есекең\*\* қайдан тапты екен,  
Ақбардан кейін жетпіс төл,  
Расын айтшы, нақты, анық.  
Ал, біз, аға, шынымыз,  
Жыл басына шаққанда,  
Болсақ та басым таспадық.

Ренжіме, Кәждеке,  
Орныменен мақтанам.  
Жазсаң өлең ол рас,  
Көтеріп көңіл шаттанам.  
Жұмабаев басшымыз,  
Облыс оны мақтаған,  
Жайықбаев депутат,  
Ел сенімін ақтаған.

Жылқыбай менен Жаңабай,  
Озық шығып қатардан,  
Орын алған аудандық,  
Құрметті тақтадан.  
Аяғанов еңбекшіл,  
Сейісше тұлпар баптаған.

Жазда бізде шопан жоқ,  
Түнекке малын бақпаған.  
Ал, сіздегі Раушан, Орынбек,  
Ұзатып жаймай малдарын,  
Қарайды екен жаппадан.

## ҚАРАТӨБЕ

Шамшат пен Қайрош, Аймұрат,  
Егізді бермей нақпа-нақ,  
Кейінге неге сақтаған?  
Жауабын жаз анықтап,  
Деп інің енді ретпен,  
Кезекті беріп тоқтаған.

### **Кәжденбек ЖҮСІПОВ:**

– Хат алдым құрметті інім, «Үш ағаштан»,  
Ағалап айқыш-ұйқыш құшақ ашқан.  
Тоқ санап «төлмен жабам» деп сен жүрсің,  
Қалжырап қойың жатса жұтап аштан.

Жеткізсе жұртшылыққа ұғым күшін,  
Әсерлі дей аламыз бүгінгі сын.  
Айтулы фермандағы азаматтар,  
Қалды ма мойындап-ақ шығынды шын.

Дейтіндей ете алады қарсылық кім?  
Сіздерде атақтылар баршылық тым.  
Жүлдегер жыл сайынғы Демеу қайда?  
Қызады қашан жоны Балшыновтың?

Жол бермес әйгілі асу, белгілі шың,  
Бұларға биыл кімдер берді қысым?!  
Жарыстас жолдастардан қалмақ қалай,  
Халықпыз қалпы бүтін, елдігі шын.

Хабар жоқ Сандыбаев, Байжановтан,  
Елеусіз Елеусіндер қайда бұққан?

Малданып жүр ме екен әлі күні,  
Бұрынғы атақтарын алға шыққан.

Қарқыны қалай бөсең Айтуардың,  
Белгілі егіздейтін жәйтi малдың.  
Төл берер шопандарың тұйықта тұр,  
Ауданның аласыздар қайтіп алдың?

Адамбыз ар, абырой, тілегі бір,  
Деп жүрме сын айтуды біледі құр.  
«Тұрғанда» тұрғанменен ағаңның да,  
Сендермен араласып жүрегі жүр.

Көп жәйді көзбен көріп фермандағы,  
Халімен қанығармын мен де ондағы.  
Сын жылы сыр алдырып ағайындар,  
«Қарақтың» қартайған ба қонған бағы?

Сөз ғылып болмашыны қазбаламай,  
Сіздерден қозғайыншы аз ғана жай.  
Бір жылға неге белін босатады,  
Кезінде облыста озған ағай.

Қиыннан жол табатын қысылғанда,  
Кадр ғой уытты да, ысылған да.  
Сұраған бір қора қой Сәкең еді-ау,  
Төріне «Төртіншінің» ұсынған да.

Өлімді тоқтатты ма Орынбайың,  
Олқылық әдеті ме, оның дәйім?  
Сасқаннан тоқтыдан төл сұрапсындар,  
Бұл кезде болған шығар жоғың дайын.

## ҚАРАТӨБЕ

Жемдеуді қоя тұрып басқа ауылды,  
Өтінем Орынбайдан бастауыңды.  
Жетідей жеткізілмей жем мен шөбің,  
Бос тұрған апармапсың астауыңды.

Басшылар шаруа жайын шолып жүріп,  
(Сөгіске алған болар шомылдырып).  
Бұйрықпен барғызыпты жем мен астау,  
Сіздерде іс-шараның жоғын біліп.

Шынында Сәкең басшы үлгі алатын,  
Бір озып, біз болмасақ бір қалатын.  
Бірақ кей ойдым-ойдым олқылықтар,  
Баратыр «Біріншінің» былғап атын.

Ту беру дәстүр десек сыйлығымен,  
Бізде тұр директордың бұйрығымен.  
Бәйгені бермей келген коллективтің,  
Атына ауырлау тым, тиді білем.

Себебі майда-шұйда сының бөсең,  
Мақсат не, ұғамысың шынында сен?  
Төлдеу мен мал күтімін әңгіме етсең,  
Шырылдап шыға алмайды үнің де әсем.

Мысалы «Жетпіс төлді қайдан алған»,  
Деген сын қандай баспен ойда болған?  
Көк қозы, қара қозы кәдімгідей,  
Күйекте қошқар қойдан пайда болған.

Жыр жолын ортақ іске біріктіріп,  
Жазайық кемшілікті біліп тұрып.

Жарамас жеңіл ойлап, жүре пішкен,  
Қарама халық дәулетіне күліп тұрып.

**Байділда ДАСТАНОВ:**

– Жолдаған ақ қағазбен хатыңды алдым,  
Өзіңмен сырласуға жақын бардым.  
Қалдырмай сын мен шынды түгел айтып,  
Дәстүрін ұстадыңыз ақындардың.

Депсіз-ау, «тілегім бір, жүрегім бір»,  
Есітіп сол сөзінді түледі жыр.  
Ол рас Демеу, Жықаң жүлдегерлер,  
Алдында жарыстардың жүретін кіл.

Сұрапсыз Сандыбаев, Байжановты,  
Олар да өз жағдайын ойланыпты.  
Оныншы бесжылдыққа беташар боп,  
Жүз қойға жүз жиырма төл байланыпты.

Елеусіз Елеусіндер қалмас бұғып,  
Ер болса айтқан сынды алар ұғып.  
Көрінер деген аға, үміттемін,  
Өзінің міндетінен артық шығып.

«Өлімді тоқтатты ма Орынбайың,  
Олқылық әдетіме оның дәйім?»  
Депсіз-ау, Бергембайың шығын бермей,  
Қарсы алып отыр ма екен майдың айын.

Туған төл бізде түгел өсіп жатыр,  
Сәкең де серттен шығам десіп жатыр.

## ҚАРАТӨБЕ

«Төртінші» жас төлдерді шығын етіп,  
Мал төлдеп болмай қайда көшіп жатыр?

Естігем Төреханның қол алғанын,  
Бірақ та, қасында өзім бола алмадым.  
«Жүз саулыққа жүз жетпіс төл алам» деген,  
Орындамай жатыр-ау сол арманын.

Дегені бос сөз болып қалғаны ма,  
Қалайша жетпеді ол арманына?  
Болмаса апрельдің іші ғой деп,  
Өркімді құрғақ сөзбен алдады ма?!

### **Кәжденбек ЖҮСІПОВ:**

– Жатырмыз хат пен қалам, амандасып,  
Қалмайды құнсыз сыннан ағаң жасып.  
Жігер мен жарыс шарты озғандыкі,  
Бас бағып, я бірыңғай амалға шық.

Сірә да сынға үйірсің мезгілі өткен,  
Қысты – жаз ете алмайсың, күзді – көктем.  
«Тоқсанда түнекке алып шықпадың» деп,  
Сөгіп ең Рекеңді Орынбекпен.

Түн жайған сіреу қарда кімді көрдің?  
Қыстай жеп қызғалдағын құмды жердің?  
Қой қырғанын Орынбайдың содан көрсең,  
Көрмеген көп екен-ау сұмдығы елдің.

Ала алмай аудан түгіл ауыл алдын,  
Сын айтсақ, сес көрсетіп ауыр алдың.

Бәйгіні беру-бермеу қолыңда ма,  
Жарыста озып алдым, шауып алдым.

Дәме етсем аудан алдын алмаққа да,  
Несі бар сен кекетіп салмақтама!  
Біз солай қол созамыз ілгеріге,  
Бәйге жоқ құрғақ сөзбен жан баққанға.

Демеймін қателікті байқамау жөн,  
Сөзді әркім артық аспай айтады-ау кем.  
Хат сайын «Төреханның төл сөзі» деп,  
Жатырсың жөнсіз жерде қайталаумен.

«Басқарып Сөкең тұрса озамын» деп,  
Алып ең неге сеніп оза міндет?  
Сөзің сөз, көрсеткішің қайда алдағы?  
Алдаған ауылыңды мазағың ба ед?

Қысыр қой жүзден шығып әр отардан,  
Атақты шопандарың ер атанған.  
Жылқыбай, қос Жаңабай, Демеулердің,  
Көп төмен көрсеткіші Төреханнан.

Қойлардың қыстан шыққан күйін көріп,  
Жатырмыз жайлауға рас кейін келіп.  
Міндеті басшылықтың сол емес пе,  
Басқару шаруа жайын бейімделіп.


Бәрі де болған жұмыс келісіммен,  
Ерумін, көшем-қонам өрісім кең.  
Орынсыз өлімге жол неге берсін,  
Жыл бойғы жемістері тері сіңген.

## ҚАРАТӨБЕ

Ардақтап атыңды ешкім былғамаса,  
Ақталып айтып жүрсің кімге араша?  
Ту қайда, төлің қайда, төмен тартып,  
Барады көрсеткішің күнде аласа.

Көп көшіп қозғалғанмен әзір көлік,  
Біз оған жалықпаймыз, әзірлендік.  
Қырқымды әлдеқашан бастап кеттік,  
Болады көруіңе қазір келіп.

Жұмысқа алдағы көп әзірленіп,  
Жатырмыз шаруа жайлы әзір беріп.  
Жанашыр, жақындық сөз айта отырып,  
Ал інім, ауыр алма өзілдедік.



---

*Секең\* – №1 ферманың меңгерушісі Сейділда Жұмабаев*  
*Есекең\*\* – №4 ферманың меңгерушісі Есімхан Сүндетов*



## ЕКІНШІ АЙТЫС

### **Байділда ДАСТАНОВ:**

– Апрель туды, міне келді көктем,  
Асығып о, Кәждеке, біздер күткен.  
Күздегі еткен барлық еңбегінің,  
Жемісін жинайтұғын малшы еккен.

Келеді алда ұлы той жарқылымен,  
Сол үшін еңбек еттік артығымен.  
Сондықтан сәлем беріп алғаш тағы,  
Атыңа хат жолдадым шалқып өлең.

Айтпақшы жыр мен сырım көңілдегі,  
Бақ тілеп шопандарға «Өмірдегі».  
Айырылмай өткен жылғы Қызыл Тудан,  
Елімнің ері атансын сенімдегі.

Бұрынғы межелерін қайта қарап,  
«Бірінші» алдарына қойған талап.  
«Өмірлік» өрендерден биылғы жыл,  
Қалайда озуды олар қажет санап.

Жүзіне жүз жиырма бес төл алмақшы,  
Осылай озып алға жол салмақшы.

## ҚАРАТӨБЕ

– Сіздерде бұдан меже төмен бе? – деп,  
Ініңіз сұрақ қойып қол алмақшы.

### **Кәжденбек ЖҮСІПОВ:**

– Өзіңмен бұрыннан да таныс халық,  
Хатыңмен тағы міне танысты алып.  
Талқылап коллектив боп өзімізше,  
Деудеміз көршілерден қалыспадық.

Қашаннан халықпыз ғой жарыста нық,  
Тартатын алға десе ар ұшталып.  
Алдағы 60 жылдық мерекеге,  
Барамыз ұялмастай табысты алып.

Сан жылғы сүрінбеген асулардан,  
Сол үшін сыйлығына машина алған.  
Біздерде болса сондай азаматтар,  
Сіздерде сын көтермей ашуланған.

Білеміз «Біріншінің» жігіттерін,  
Жыл сайын бірінші орын үміттерің.  
Міне, деп міндеттеме шалқығанша,  
Төліңді көбейте бер жиып- теріп.

Былтыр да биылғыдай үміттеніп,  
Асылы аз боп жүр-ау үміттерің.  
Көрінген көмбені айтып көтерсе де,  
Баспады кегежектеп жігіттерің.

Айтамыз әділ шынды ширасын деп,  
Болмаса менің де дос, қимасым көп.

Жүнделсе өткен жылы отыз атан,  
Неліктен жүн өткіздің, шудасы жоқ.

Күзеуге қиынсынба жылқы жалын,  
Болсын дос, бұл түлікте бір құлағың.  
Қашатын қара көрсе қыр астынан,  
Құландай көрінеді жылқыларың.

Ал, енді оралайық қой төліне,  
Сенбеңіз сорты төмен жәй теріге.  
Мінбеде міндеттеме қабылданса,  
Шығу шарт сол сөзінен, айт еліңе.

Жүзіне жүз жиырмадан төл береміз,  
Беруде қойлар міне төлдер егіз.  
Жаңылыс жағдайлар да болып қалар,  
Есепті сөзбен әлгі теңгереміз.

Өзірге хат аяғын доғаралық,  
Міндетті алсаң қиын, жоғары алып.  
Қалайда халықтық іс - сөзде тұру,  
Әлде де шопандарды шық оралып.

### **Байділда ДАСТАНОВ:**

– Кәждекең сөзін онша күттірмеді,  
Күткені де осы ғой жұрттың тегі.  
«Қайтсек те көршілерден қалмаймыз», – деп  
Сеніміне тірегі етті нені?

Екеуміз ел білетін ақын едік,  
Сөзіміз де жарасып жатыр келіп.

## ҚАРАТӨБЕ

Қашанғы көкті тіреп жүресіңдер,  
Бір жыл алға шыққанға сәті келіп.

Былтырғы өтті – кетті, белгілі ғой,  
Қалайша болып жатыр ендігі ой.  
«Жаңылыс жағдайлар да болып қалар»,  
Дегенің көңіліндегі күдігің ғой.

Терінің қадіріне жетпедің бе?  
«Сенбеңіздер теріге» дегенің не?  
Теріні керек қылмай сонда өзіңіз,  
Сыртқа қарай лақтырып жібердің бе?

Елтірі тұнып тұрған байлық деймін,  
Білмегенің қалайша соны сенің.  
Қаракөл жағалы тон киіп жүрген,  
Бұл сөзіңе не дейді бастық сенің?!

### **Кәжденбек ЖҮСІПОВ:**

– Інімнің хатын алдым, түсінбедім,  
Іліп алар түк те жоқ ішінде дым.  
Былтыр озсам, мен биыл тағы озамын,  
Өйткені, әлі де сол күшімдемін.

Алдыма биік мақсат қойдым рас,  
Көрсеткішті төменге түсірмеймін.  
Төл алу енді ғана басталды ғой,  
Алда әлі уақыт бар, түсінемін.  
Сондықтан, «Төртіншінің» табыстарын,  
Сөзім емес көрсетер ісім деймін.


**Байділда ДАСТАНОВ:**

– Хат келіп Кәждекеңнен мәз боп қалдық,  
Дегенмен, сөзі неге аз деп қалдық.  
Апта сайын ақпарға көз салғанда,  
Былырғы қарқыныңды байқамадық.

Төгін боп жатыр төлі Біріншінің,  
Күмәні болмасыншы көңіліңнің.  
Сейділда Жұмабаев бұрынғыдай,  
Жарыстың көрінеді төрінен шын.

Бірі озып, бірі қалар жарысқанның,  
Қайрады жігіттерім намыстарын.  
Ілесе алмай шаңымызға жүрерсіңдер,  
Былырғы еске түсіп табыстарың.

Қызыл Ту желбіреп тұр төрде міне,  
Құрмет Тақтасында суретім де,  
Табыстың тайқазанын тасқындатып,  
Кездесейік шопандар слетінде!





## «Қуаңдария» совхозының ақыны Сәнтөре ПІРМАНОВПЕН айтысы

### Сәнтөре ПІРМАНОВ:

– Байеке, ізетпенен сәлем бердім,  
Жақсыға жаны жайсаң күнде ердім.  
Қызылқұм қойнауында орналасқан,  
«Қуаңдария» дейтұғын жерден келдім.

Қараймын әрбір атқан таңдарыма,  
Байлықтың бұлағы аққан қарсы алдымда,  
Байеке, көңіл қойып тыңдасаңыз,  
Жырлайын ауылымды алдыңызда.

Совхоз ек бір-бірімен көрші отырған,  
Өрісі шопанымның бірге қонған.  
Жыл сайын мол тәжірибе алмастырып,  
Мал басын көбейтуге белін буған.

Білесіз «Қос шық», «Аққыр», «Сарбұлақты»,  
Жерінен шөбі шүйгін байлық ақты.  
«Оңғарбай», «Қаратерең», «Заңғарлардың»,  
Қойнауын қаптап өрген қозы жапты.

Кей жандар жақсы бол деп сын айтады,  
Кей жандар барды «жоқ» деп шұнайтады.  
Қарқынды өсіп келе жатыр ауылым,  
Жыл сайын артқан өнім қуантады.

Әр 100-ден 128 төлімді алдым,  
9000 тірі қозы сақтап қалдым.  
Жарыста социалистік озып шықты,  
Ауылдың еңбекші елі қайраттанып.

Бұл тұста мақтайтын бар өрендерім,  
Елі үшін ерінбеген, төккен терін.  
Ауданның өткен жылғы чемпионы,  
Көріңіз Жұбатовтың көгендерін.

Жалғасып әр күн сайын жарыс көші,  
Сән құрып көріктенді ауыл төсі.  
Жыл сайын Саянбеков, Исаевтар,  
Коммунистік еңбектің екпіндісі.

Қашанда еңбекші ұлға елі разы,  
Ағажан, ақын болсаң тағы жазшы.  
Жыл сайын Бисенбаев, Жекеевтер,  
Социалистік жарыстың жеңімпазы.

Тас жол да келіп кірді құмды жарып,  
Автобус, самолеттер күнде барып.  
Үндеуі Коммунистік партияның,  
Жатады жүрегіме нұр боп дарып.

## ҚАРАТӨБЕ

Есептеп қарасақ мал шығындарын,  
Біздікі аз екен ғой, ағажаным.  
Ферманда қараша үйдің іргесінен,  
Түйенің көрдім жем жеп тұрғандарын.

Мектепті мен де барып араладым,  
Артында ләңгі ойнап жүр балаларың.  
Алдында бар шарбағы сынып қалған,  
Баяғы еккен талды таба алмадым.

Почтаны көрейін деп тағы бардым,  
Үңірейген есік көріп тұрып қалдым.  
Ішіндегі екі бөлме есігіне,  
Қағышты көне жәшік сынықтарын.

Салып ең үш жыл бұрын жазғы клуб,  
Барады жантақ өсіп, ыза қуып.  
Жандары ашымай ма қаржысына,  
Неліктен басшылардың көңілі суық?

Айтпаймын сөздерімді дау ғып, аға,  
Кем-кетік толып жатыр ауылыңда.  
Жарты сағат әлі де уақыт бар ед,  
Дүкеншіні таба алмай таңмын, аға?

Одан соң кезекші дүкен ашты келіп,  
Айтқан соң 200 грамм пияз беріп.  
Ақшасын сол арада есептесем,  
13 тиын көп алды, міне қызық.

**Байділда ДАСТАНОВ:**

– Қол берсең, сәлемдесіп, қалқам, інім,  
Жырлайын ел табысын жетсе тілім.  
Өзіңмен кездеспекті жаным сүйіп,  
Жүруші еді жүрек қалап әр кез бұрын.

Деген бар «ақын адам - ел айнасы»,  
Тиетін қоғамына мол пайдасы.  
Жетістік, кемшілікті қоса айтып,  
Ақындық бабыменен тіл сайрашы.

Өзіңе аян барлық табыстарым,  
Жақсы ғой осы ортада табыспағым.  
Бермеген жігіт пенен қыздарым көп,  
Жарыста өздерінің намыстарын.

Шыдайды мақтана алмай қалай жаным,  
Жас өрен бар «Жазира», «Арайларым».  
Отырып сырластың-ау достарыңмен,  
Аралап жастарымның талай бағын.

Өзіңше көз жүгіртіп өткендерге,  
Қызықтың «Алтыбақан» тепкендерге.  
Ере алмай қалғаныңды ұмытпашы,  
Сол жерден би алаңына кеткендерге.

Жетістік сізге інім және айтатын,  
Жастарым көп елімде ән айтатын.  
Алматов Алмас пенен Әмзе, Аман,  
Орақ бар күн-түні жыр айтатын.

## ҚАРАТӨБЕ

Көшем кең, «Кекіреліде» клубым бар,  
Барсаң сен дей алмайсың құлыбыңды ал.  
Ал, сіздің Аманқосты таппағасын,  
Клубтың құлпын болдық жұлып алар.

Қалайша жетістікке қуанбайық,  
Совхозда Жүсіпов пен Қуаңбаев.  
Үйінен кітапхана ашып қойды,  
Сұрасаң «Алтын орданы» қылмас айып.

Демесең қалқам, інім, тақымдадың,  
Бар елде өсіп жатқан ақындарым.  
Серік пен Сақтапберген, Зылихалар,  
Сөзі – бал, Сыр сазына жақындарым.

Қолыңда болса домбыра безектеген,  
Берейін сөз ретін кезекпенен.  
Сын айтпай өз атыңа ретімен,  
Ақындық тұлпарымды тежеп келем.



---

*Қаратай Қуаңбаев, Қасым Жүсіпов – «Жаңақала» ауылының ел ағалары.*

*Серік Ідірісов, Сақтапберген Қосбаев, Зылиха Баймырзақызы, Орақ Дәнекеров, Алмас Алматов, Әмзе Шамшатұлы, Аман Шоманбаев – «Жаңақаладан» шыққан ақын-жыраулар.*



*СУРЕТТЕР* ДЕ  
СВЙЛЕСІН





*Беркімбайдың баласы  
Бекнияздың қызы Рысбике –  
Бәкеңнің анасы*



*Шоқанқызы Дәрікүл –  
Бәкеңнің енесі*



*Байділда Дастанұлы*



*Рахимаш Оразымбетқызы*



*Күміс тойдан естелік*





*Жігіттік шақ. Достармен бірге.*



*Шопандар жиынында*



*Алдыңғы қатарда (солдан оңға қарай) Абдулай Тажмаханов,  
Айтжан Байтабынов және Байділда Дастанұлы.  
Түрегеп тұрғандар (солдан оңға қарай) Сыздық Елбосынұлы,  
Жанұзақ Шамшатұлы*



*(Солдан оңға қарай) Айтжан Байтабынов,  
Махат Мырхиев, Байділда Дастанұлы.*





*Інілері Майлыбай және Сайлау Алмановтар*



*Зинолды әскерге шығарып салу*



*Зайыбы Рахимаш екеуі келіндерімен*



*Құда болып барғанда. Солтүстік Қазақстан өңірі.*





*Абдулла мен Дариганын үйлену тойында*





*Құда-құдағилары  
Үмбетияр Мақашұлы  
және Нәзен  
Жарылқасынқызымен  
бірге.  
Сәтбаев қаласы.*



*Әлтай Нұржанұлы, Абдолла және Бәкең,  
Алматы. 1979 жыл*





*Солдан оңға қарай Абдолла, Нагима және Бәкең.*



*Оңнан солға қарай ақын Мәди Қайыңбаев, Мәдина Дастанова,  
Мәдидің келіншегі Алтын және Байділда Дастанов.*



*Рахимаш пен Мәдина*



*Солдан ортада үшінші – Рахимаш Оразымбетқызы*





*Абдолланың 50 жас мерейтойында. Сәтбаев қаласы.*



*Бакеңнің інісі Абдолла Дастанов бала-шағасымен.*



Аттың Балалыңа!  
 Мен иренсеі құрғы  
 айың, абылға, ұяс, зора,  
 итүзе, Маа е шава  
 атрада күрбей кы.  
 да түре бадыға, түр-  
 дейлігі радисы мен  
 дүлаңа тілеңесті  
 Әйтп-тілейсеріңді іста  
 қорғау, қимі оғуаң  
 потпейғау қобтың.  
 Салеммен  
 Тұрсынбек

Балалыңа!  
 Оқым палың құрғы  
 айың, Маа-лаға, істей,  
 түре иресеңге алейдең  
 түре дүрде ріектесен  
 Қараң мауғы ма?  
 Мен қаре ұлмай  
 зорғаң бе? Ақшым  
 қарға ағамна ден  
 Салымға қимі істеп  
 дөйтін. Қараң саңға  
 ақшым білдерің  
 түрсің  
 Салеммен  
 Тұрсынбек

Құрметті Болдырді!  
 Әтаңа пач құрды бисан ласанан,  
 ачасың досе пресамеңа отбасыңда  
 екекүйі түре бер.  
 Серт емен ақш келібім болас  
 обия ез қарың тулағла длатарсыз  
 Оқш шексең оқыз иеркеше алаш  
 таз қаңаана Әлем аңғреңеда.  
 Меаң зойтыс үле ән ату месін  
 теркешіз дүже денің салепкіда.  
 Оң қун ошн іж қоз пожелана венле  
 еткізін тойеңкешаа!  
 Тұрсынбек

**Қазақтың заңғар тұлғасы , жазушы, профессор  
 Тұрсынбек Кәкішев Бәкеңді інісі іспетті жанына  
 жақын тұтты. Тұрсекеңнің кейбір хаттары.**



# МАЗМҰНЫ

Өлеңім бар да анық өлмейтінім .....2

## ЕСТЕЛІКТЕР ЕСКІРМЕЙДІ

Көңілден көшпейтін бейне .....6

Бауырмал аға еді.. 11

Тағдырыма әсер еткен адам 15

## ТЕБІРЕНІСТІ ТОЛҚЫНДАР

Жан анам.....20

Ұрпаққа сыйлаймын .....27

Қиындықтың жемісі .....29

Тұғырына қонсам да.....31

Мәңгіліктің көрпесі .....33

Туған жерге .....34

Далам менің .....35

Қаратөбе.....36

Қаратөбеге барғанда .....37

Ана тілін ту көтеріп, ардақтап .....39

Астанаға.....40

Сөз туралы .....41

Кей басшы .....42

Қарапайым шопанмын .....43

Нағыз бақыт .....44

Ақыл.....46

Ұғамын .....47

Қорғасын .....48

Төрт таған.....49

Музаға.....55

Еңбек туралы ой .....58

Қайрау .....59

Күміс той.....62

Ақын .....63

Аққа ештеңе жетпейді.....66

Газет .....68

Махаббат мұңы.....70

Махаббат деген немене?.....76

Тіріңде қадіріңді білу қиын... .....79

«Ат тұяғын тай басар» .....81

Адамға жағып болмайсың... .....83

Жолдар, жолдар... .....85

## ЖҮРЕГІМДЕГІ ЖАҚСЫЛАР

Ағаларыма.....	88
Женешем .....	89
Қарсы аламыз табыспен.....	91
Журналист .....	92
Қарызым менің өзіңе деген жетерлік .....	93
Шопандарға .....	95
Малшылар тойында .....	96
Шопан.....	98
Сен де ақынсың... ..	100
Інілеріме .....	101
Сүйген жарға .....	103
Қуанамын.....	104
Балдызыма .....	105
Өсе бер!.....	106
Абдоллаға .....	107
Еңбекпен атаныңдар нағыз батыр.....	109
Ақын ағаларға.....	111
Жас ұланға .....	112
Газетім, сен баулыдың.....	113
Уәдем осы газетім .....	114
Отыз жеті жылдан соң... ..	115
Тілек.....	117

## ВРНЕКТЕРІ ВМІРДІҢ

Дәдікбайдың арығы .....	120
Үш құрдас, үш озат .....	126
Құрдасқа хат.....	130
Бір торғайды көргенде .....	134
«Күз түспей бір жеңілдік боп қала ма?» .....	136
Дәуітке.....	138
Елімен табысса екен құлынымыз .....	141
Көңілқос.....	143
Өкіл мен шопан .....	147
Қу бастық, аңқау дәрігер .....	149

## АЙТЫС АЛАҢЫ

«Жаңақала» совхозы № 1 фермасының ақыны Байділда Дастанов пен № 4 фермасының ақыны Кәжденбек Жүсіповтің бірінші айтысы ...	154
Екінші айтыс .....	166
«Қуандария» совхозының ақыны Сәнтөре Пірмановпен айтысы.....	171
<b>СУРЕТТЕР ДЕ СӨЙЛЕСІН.....</b>	<b>177</b>



**Байділда ДАСТАНҰЛЫ**

# **ҚАРАТӨБЕ**

*Жыр жинағы*

---

Редакторы:	Абдолла Нұртауұлы
Техникалық редакторы:	Гүлиза Ақышева
Көркемдеуші редакторы:	Өлижан Жанболатұлы
Корректоры:	Бауыржан Байділдаев

---

Басуға 1.08.2025 қол қойылды.  
Пішімі 60 × 108 <sup>1</sup>/16. Қаріп түрі «Мектептік».  
Шартты баспа табағы 11,16.  
Тапсырыс № Таралымы 200 дана.

«Үш Қиян» баспасы.  
Алматы қаласы, Жетісу көшесі, 45-үй